Бүгінгі қоғамның барлық саласы ақпараттық ресурстарды тиімді қолдана білген мамандарды қажет етеді. Бұл жаһандық даму мен экономикалық және технологиялық үрдістердің жедел қарқын алуымен де байланысты. Сондықтан да мектеп үрдісінде интерактивті ресурстарды пайдалану кіші мектеп жасынан бастап қолданылуы маңызды екені белгілі. Осы тұста бастауыш мектептегі интерактивті ресурстарды қолданудың жолдарын талдау да қажет.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бастауыш мектептегі интерактивті ресурстарды қолданудың бірнеше басты тұстарын атап өткен дұрыс.

Бастауыш мектепте білім беру – барлық кейінгі білімнің негізі. Бастауыш мектепте жалпыға бірдей білім беру іс-әрекеттері қалыптасады, баланың оқу іс-әрекетінің негізі қаланады – оқу-танымдық мотивтер жүйесі, тәрбиелік мақсаттарды қабылдау, сақтау, жүзеге асыру, оқу іс-әрекеті мен нәтижесін жоспарлау, бақылау және бағалау қабілеттерімен жұмыс істеу дағдылары орнығады. Оқытудың алғашқы кезеңі оқушылардың танымдық мотивациясы мен қызығушылықтарын, олардың мұғаліммен және сыныптастарымен бірлесіп жұмыс істеуге дайындығы мен қабілеттілігін қамтамасыз етеді, адамның қоғаммен және айналадағы адамдармен қарым-қатынасын анықтайтын адамгершілік мінез-құлық негізін құрайды.

Білім беруде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану мен енгізу мәселелері Қазақстанның және шет аймақтардың педагогикалық зерттеулерінде жазылған. Осындай мәселелер С.А. Жданов, А.А. Абдукадыров, Б.С. Ахметов, Т.О. Балықбаев, С.А. Бешенкова, Н.Х. Розов, Е.Ы. Бидайбеков, Ю.А. Первин, Н.Ф. Талызин, Н.Д. Угринович және т.б. ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Бұл еңбектерде оқу құралы ретінде қолданылатын бағдарламалық қамтамасыз ету мен компьютерлерді қолдануда мамандарды дайындаудың қарқындылығы өсіп отырғаны көрсетілген.

Осы тұста балаларды бір ортаға топтастырып, ортақ қызығушылықтарын анықтау мен оларды өзара тығыз байланыстыру үшін интерактивті ресурстардың орны ерекше. Осы интерактивті ресурстар алғашқы күннен бастап балалардың оқу және тәрбие үрдісінде негізгі құралға айналады. «Интерактивті» сөзін ағылшын тілінен аударғанда («interact» – «inter» «арасындағы», «өзара», «акт» – әрекет ету) өзара әрекеттесуді білдіреді. Е. Батакова: «интерактивтілік дегеніміз – бұл адамның компьютерлік бағдарламаның немесе электрондық ресурстардың мазмұнына, сыртқы келбеті мен тақырыптық назарына белсенді әсер ету қабілеті, екіншіден, сөйлесу, пікірін білдіру және серіктестің пікірін білу мүмкіндігі, байланыс жасай алу қабілеті» [1, 9].

Интерактивтілік – нысандар арасындағы өзара әрекеттесу сипатын суреттейтін информатика, коммуникация және өндірістік дизайн саласында қолданылатын түсінік.

«Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделе отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Дегенмен, интерактивті оқыту қажетті ақпаратты игеруге уақытты көбірек бөлуді, бағалауда жаңа, күрделі өлшемдерді қолдануды қажет етеді және оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруда тәжірибесі аз мұғалімдерге көптеген қиындықтар туғызады.

Интерактивті әдістің мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту.

Психолог-ғалымдардың айтуынша, оқушылар білімді төрт түрлі жағдайда алады екен:

- дайын білімді қабылдап алу;
- зерттеу барысында жаңалық ашу;
- әр түрлі жағдайда әсерді сезіну;
- синтез арқылы бұйым құрастыру немесе өнім жасау.

Интерактивті оқыту әдістері оқушыларға рольдік ойындар арқылы әр түрлі жағдайда әсерді сезінуге жол ашады, әртүрлі білімдерді синтездеу кезінде шығармашылық өнім жасауға жағдай жасайды, дегенмен түрлі ситуациялар мен мәліметтерді талдап, сараптап, зерттеу барысында жаңалық ашуға көбірек мүмкіндік береді» [2].

Бұл тұрғыда интерактивтілік Интерактивті ресурстарды қолдану білім беру үрдісінде келесі міндеттерді шешуге ықпал етеді.

1. Орталықтандырылған білім жүйесінің үрдісіне енуге мүмкіндік береді.
2. Бастауыш сыныптан балалардың ақпараттық технологияларымен жұмыс істей алуларын қамтамасыз етеді.
3. Интерактивті ресурстарды таңдап, талғай алу мәдениеттерін қалыптастырады.
4. Электрондық ақпаратпен жұмыс істей алу сауаттылықтарын қалыптастырып, жүйені пайдалана білуге үйретеді.
5. Бастауыш сынып балалары кең көлемде білім алу тәсілдерін игереді.

Интерактивті ресурстардың бұл тұрғыда бірнеше түрлерін атап өтуге болады. Бұған оқу материалын әртүрлі түрде ұсынуға болатын кешендер жиынтығын жатқызған дұрыс.

Қазіргі интерактивті ресурстардың ішінде бастауыш мектеп үшін қолайлылары: мәтін, фото, видео, дыбыс және анимация. Бұлар игерілетін материалдың көлеміне және мазмұнына қарай, балалардың қабылдауына қарай қолданылады. Сондықтан оларды қолдануда келесі шарттарға назар аударылады.

1. Баланың ойлауына және әрекетіне негіз жасау.

2. Өзіндік шығармашылық ізденіс пен және зерттеуге ықпал ету.
3. Уақытты ұтымды пайдалану.
4. Материалды тиімді қолдана отырып, жүелей білу.

Қазіргі кезде оқу үрдісінде білім берудің электронды ресурстары бар. Қазіргі интерактивті ресурстардың негізгі көзі – Интернет. Интернеттің негізгі функциялары ақпаратты тарату, интерактивті және іздеу қызметтерімен, сонымен қатар оқу үрдісінде пайдалы деген желінің ақпараттық ресурстарымен байланысты. Тарату қызметтері ретінде келесі қызметтері қоладнылады.

1. Электронды кітаптар, әдістемелік әдебиеттер, газеттер, журналдар.
2. Білім беру және басқа педагогикалық компьютерлік бағдарламалар.
3. Сандық кітапханалар, мәліметтер базасы, ақпараттық жүйелер.
4. Оқу және басқа да педагогикаға қатысты электронды кітаптар, анықтамалық файлдар, сөздіктер, анықтамалықтар.

Қазақстанда бастауыш мектептердегі оқушыларға арналған ЭББР (электронды білім беру ресурстары) Сандық білім беру ресурстарымен (СБР) анықталады. Бұл әр пән бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес нақты оқу тақырыбына арналған дидактикалық материалдар болып табылады. Олар оқу пәнінің белгілі бір тақырыбы бойынша мультимедиялық түсіндіруді, интерактивтік тапсырмаларды және тестілік сұрақтарды қамтиды.

СБР құрылымын мұғалім оқыту үдерісі кезінде қолдана алады: жаңа материалды түсіндірген кезде, материалды бекіту және меңгеру деңгейін бағалау кезінде, өз бетімен оқу, орындау және өз-өзін бағалау кезінде.

Сабақта анимациялық көрнекіліктер мен бейнероликтерді қолдана отырып жаңа материалды түсіндірудің педагогикалық амалдары бірнеше мүмкіндіктерге жол ашады.

1. Проблемалық жағдаяттарды құру, салыстыру.
2. Зерделеп отырған құбылыстың басты белгілерін ажырата білу, белгілі бір дерек пен құбылысқа зейінін шоғырландыру.
3. Тірек сөздерді, терминдерді дәптерге жазғызу, мұғалімнің сұрақтарына жауап беру, бейнеролик мәтінін қайталап айтып беру.
4. Оқушылармен әңгімелесу т.б.

Интерактивтік тапсырмалар оқушыларда пәндік білім, білік пен дағдыларды қалыптастыруға арналған, сонымен қатар, олардың стандарттық емес есептерді шығара алу, өмірдің әртүрлі салаларында кездесетін проблемалар мен жағдаяттарды шеше алу қабілетін жетілдіреді.

«Тапсырмалардың түрлі болып келуі оқыту барысында білімді тек меңгеруден сол пән бойынша құзыреттерді қалыптастыруға қарай жүріп отырады, оқушылардың өмірдегі шынайы әрекеттерге шынайылықпен қатыса алмау

мүмкіндігін жақсартады. Тәжірибелер оқушының түртпе арқылы басқарып отыратын виртуалды нысандармен түрлі операциялар жасауы арқылы іске асырылады. Бірізділікпен өтілетін нысандардың өзгерулері (геометриялық фигуралардың, зат формаларының, заттардың түстері т.б. өзгеруі) оқушыларға танымдық үдерісте белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді» [3, 5].

СБР-ға жаттығулар орындау, картамен жұмыс жасау, сәйкестіктерді белгілеу, сөйлемдерді толықтыру, кесте құру, сөзжұмбақ, ребус шешу т.б. тапсырмалар енгізілген. Математика пәнінен бойынша СБР-да көптеген жағдайларда оқушыларға әрбір кездейсоқ таңдау бойынша ұсынылатын тапсырмалар базасының маңызы зор. Сол себепті, жауапты есте қалдырудың тек механикалық жаттанды түрінен оқушының саналы есте сақтауына қарай жүру логикасы қалыптасады.

Білімді бақылау автоматтандырылған тестілеу есебінен жүргізіледі, ол оқушылардың білім жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Әрбір тақырып бойынша бақылау сұрақтарының саны оқушылардың жас ерекшелігіне қарай және тестілеуге берілетін уақытқа қарай ауытқып отырады.

Қазіргі уақытта білім беруді компьютерлендіру білім беру үрдісіне ақпараттық ресурстарды үнемі енгізуге ықпал етуде. Әр түрлі білімдік электрондық ресурстар, соның ішінде Интернет-ресурстар да сұранысқа ие болуда. Олардың өзектілігі, ең алдымен, ақпарат көздерінің жетіспеушілігіне, интерактивтілікке, қол жетімділікке және функционалдылыққа байланысты. Желілік электронды ресурстардың мүмкіндіктері бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Біріншіден, бұл жаңалыққа немесе бағдарламалық жасақтаманың шектеулеріне байланысты оқулықта жоқ қосымша ақпараттармен толықтырады.

Екіншіден, бұл – әр түрлі иллюстрациялық материалдар. Үшіншіден, бұл компьютерлік эксперимент жүргізу мүмкіндігі – объектілердің, үрдістердің, құбылыстардың компьютерлік модельдері; виртуалды зертханалар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Интернет-ресурстарды пайдалану білім беру үрдісінің мазмұнын молайтып, ақпаратты таңдауға мүмкіндік жасайды, ұтымды пайдалана аламыз. Әрі бастауыш мектеп оқушылары үшін қызықты да, түрлі материалдар ретінде оқуға, білімге ынталарын арттыруға көмектесері анық. Сондықтан да бастауыш сыныптарда оқушыларды интерактивті ресурстармен оқыту, олардың өздерін жұмыс істеуге дағдыландыру, қажетті материалдарды өздері іздеп анықтауға жол ашуымен тиімді бола түседі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Батакова Е.Л. Интерактивные средства обучения как часть электронно-образовательных ресурсов / Е.Л. Баталкова // Вестник ТГПУ. – 2016 – №1. – С. 105–108.

2 Интерактивті әдіс-тәсілдер. articlekz.com/kk/article/16916

3 Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. Методические рекомендации по использованию ЦОР. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 32 с.

4 https://www.yaneuch.ru/cat_22/interaktivt-tata-interaktivt-tatany-oldanudy/400561.2713321.page1.html

5 <https://articlekz.com/kk/article/16916>

6 <https://adisteme.kz/bilim-berude-zhanga-tehnologiyalarydi-koldanudyng-tiimdiligi.html>

7 <http://diplomdik.kz/nashi/112-pedagog/419-tanyndy-belsendilik-iinteraktivti-dis>

Н.С. Асенова¹, А.К. Нажипова¹

Значение использований интерактивных ресурсов в начальной школе

¹ Факультет педагогики и спорта,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республики Казахстан

N.S. Asenova¹, A.K. Nazhipova¹

Value of use of interactive resources in elementary school

¹ Faculty of Education and Sport,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В статье отражены возможности использования интерактивных ресурсов в начальной школе. В зависимости от возраста учащихся интерактивные ресурсы рассматриваются как основа для формирования основ образования, воспитания и развития сообщества. Авторы статьи также воспользовались интерактивными ресурсами для того, чтобы привести своих детей с раннего возраста к культуре работы с информационными и коммуникационными инструментами. Таким образом, использование интерактивных ресурсов требует большой работы со студентами младшего школьного возраста. В этой статье вы узнаете, как работать с информационными ресурсами и как правильно выбирать ресурсы. Существует подробный анализ грамотности и умения учителей выбирать ресурсы и их способность интегрироваться в учебный процесс.

Ключевые слова: начальная школа, интерактивные ресурсы, использование, обучение, воспитание, информация, деятельность, интерактивные услуги, учащийся, смысл.

Summary

The article discusses the need for interactive resources in elementary school. Depending on the age of students, interactive resources are considered as the basis for forming the foundations of education, upbringing and community development. The authors of the article also took advantage of interactive resources to bring their children from an early age to a culture of working with information and communication tools. Thus, the use of interactive resources requires a lot of work with students of primary school age. In this article you will learn how to work with information resources and how to choose the right resources. There is a detailed analysis of the literacy and ability of teachers to choose resources and their ability to integrate into the educational process.

Keywords: elementary school, interactive resources, use, training, education, information, activity, interactive services, student, meaning.

МРНТИ 14. 36. 07

А. Расола¹, М.Ш. Кунанбаева¹

*¹ Педагогика және спорт факультеті,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: a.aisaule94@mail.ru*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Аңдатпа

Бұл мақалада мектепке дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі ұғымы ашылады. Қазақ халқының адамгершілік дәстүрлері және олардың тәрбиелік мәні, мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық тәрбиесінің жайы туралы айтылады. Адамгершілік тәрбиесі бойынша педагог-ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне шолу жасалынып, мектепке дейінгі мекемелердегі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балалардың бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың түрлі жолдары қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің нақты міндеттері аталынып, көрсетіледі. Баланы балабақшада тәрбиелеуде, оның денсаулығын сақтау, табиғат

арқылы бала болмысының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жөнінде еңбектерін қалдырған ақын жазушылардың еңбектерінен мысалдар келтіріледі.

Адамгершілік тәрбие – тұлғаның одан әрі дамуының қажетті шарты болып табылатыны дәлелденіп, адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру үшін жүйелі де кешенді жұмыстар жүргізу керектігі туралы қорытынды жасалады.

Тірек сөздер: мектепке дейінгі жас, адамгершілік, мінез-құлық, педагогика, адамзат, оқыту мен тәрбие, қоғам, тұлғаның дамуы.

КІРІСПЕ

XXI-ғасыр балаларының тәрбиесінің өзекті мәселесі ұлттық және жалпы адамзаттың мәдени мұралар арқылы қоғамда руханилықты қалыптастыру болып табылады.

Мұндай аса жауапты міндеттердің баянды болуы үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуден бастау алуы қажет. Ерте жастан алынған рухани жасалым, адамның барлық өмірінде адамгершілік белгісін анықтап, ізгілік қасиеттерді, рухани болмысты бала бойына қалыптастырады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне жүгінсек, «адамгершілік» сөзі: ар-ұжданның тазалығы, адамшылдық, ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік, әділдік, шыншылдық, кішіпейілділік, имандылық, т.б. қарапайым адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде [1].

Мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларға ұлттық тәрбие беруге байланысты бірнеше шетел және отандық ғылыми зерттеулерді атап өтуге болады: Т.В. Черник, О.В. Леонова, М.Г. Евграфова, Е.А. Иванова, Е.Н. Кергилова, Т. Иманбеков, К. Сейсембаев, Т.А. Левченко, Ә.С. Әмірова, Е.Ф. Вертякова, Л.Д. Вавилова, В.Д. Ботнары, О.Н. Юденко, С.Д. Кириенко, Б.Н. Галаева, О.И. Давыдова, Х.Т. Шерьязданова, Л.С. Берсенева, М.Б. Қожанова, Ж.С. Хасанова, Ж.М. Ақпарова, К.Т. Жаңабаев, А.Ә. Қапенова, Ұ.Т. Төленова [2].

Елімізде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, баланы балабақшада тәрбиелеуде, оның денсаулығын сақтау, табиғат арқылы бала болмысының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жөніндегі алғашқы еңбекті жазған Нәзипа Құлжанова болды. Оның тарихи кезеңдегі жазған еңбектері бүгінгі күні де құндылығын жоғалтқан жоқ.

Қазақстандағы мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудің теориялық мәселелері, оқыту мазмұны, формалары мен әдістері арқылы тәрбиелеу В.Н. Андросова-

ның, Б.Б. Баймұратованың, Л.А. Давиденконың, Р.М. Жұмағожинаның, Ф.Н. Жұмабекованың, А.Қ. Қаржаубаевтың, А.М. Меңжанованың, Ш.С. Сапарбаеваның, М.Т. Тұрыскелдинаның, Р.Қ. Керімбаеваның, К. Метербаева, А.А. Искакова және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған [3].

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа ғылыми білім берумен шектелу жеткіліксіз, оларды адамгершілікке тәрбиелеп, бала бойына ізгілікті, жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру керек.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасының «Ұлттық энциклопедиясында» адамгершілік ұғымына былай деп анықтама берілген: «Адамгершілік – адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. «Кісілік», «Ізгілік», «Имандылық» тәрізді ұғымдармен мәндел. Халықтық дүниетанымда мінез-құлықтың әртүрлі жағымды жақтары осы ұғымынан тартылады. Мінез-құлық пен іс-әрекеттерде көзге түсетін төмендегідей адамгершілік белгілерін атап өтуге болады: адамды қастерлеу, сыйлау, сену, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рақымдылық, ізеттілік пен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылық, т.б. [5-126б.].

Адамгершілік тәрбие дегеніміз – балалардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және олардың өздерінің де бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарыту жөніндегі ұстаздардың арнаулы мақсат көздеген қызметі.

Адамгершілік қасиет мораль, этика, өнеге арқылы айқындалады. Мораль, этика, өнеге адамгершіліктің күре тамыры болып табылады.

Жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеу дегеніміз – оларды мінез-құлықтың дағдылы ережелеріне үйрету. Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – адамның моральдық қасиеттерін белгілі бір мақсатқа бағыттап қалыптастыру.

Елге сүйіспеншілікті тәрбиелеудің пәрменді құралы – халықтың тілі, мәдениеті мен көркемөнері. Ана тілі – халықтың тарихы, шежіресі, халықтың ең зор ақылшысы, ұстазы деп бағалаған. Осы орайда, Абай: «Өнер алды қызыл тіл» – деп толғаса, Ғ. Мүсірепов: «Тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ» – тілдің құдіретін ерекше бағалаған. М.Әуезов: «Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды» – деп атап көрсеткен [4]. Ендеше, ерте сәби кезеңнен бастап баланы ана тілінде сөйлеуге үйрету, ауыз әдебиеті үлгілерімен сусындату ең маңызды мәселе. Бала әдеби шығармаларды: өлең, ертегі, ән, жұмбақ,

жаңылтпаш, мақал-мәтел, батырлар жырын тыңдау арқылы ана тілінің байлығы мен әсемдігін меңгерумен қатар оны сүюді үйренеді.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу жатады, әсіресе олардың үлкендерді сыйлау сезімін тәрбиелеу сәбилік шақтан басталады.

Мектепжасындағы балаларға адамгершілік әліппесі ойын арқылы меңгертіліп, баланың әлеуметтік саналылығын дүниетанымын, этикалық талғамын, ішкі рухани байлығын молайтатын жүйелі жұмыстар өткізіледі.

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тарихының даму барысында жан-жақты дамыған адамгершілікті тұлға тәрбиелеуге ерте кезден-ақ зор мән берген. Мәселен, бала дүниеге келген кезден бастап айтылатын: бесік жыры, тұсау кесер, атқа мінер, санамақ, мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар, ертегілер т.с.

Халықтық педагогика арқылы балалардың адамгершілікке тәрбиелеуге байланысты біршама теориялық-практикалық тәжірибе жинақтау қажет. Ол үшін балабақша тәрбиешісі тәрбиенің басты ұстанымдарын – жалпы адамзаттық құндылықтарды және тұлғаны қалыптастыру, өз халқының мәдениетін, әдебиетін, тілін, салт-дәстүрін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетін салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті адам қалыптастыруы тиіс [12].

Қазір балабақша бағдарламаларында адамгершілік қасиеттерді бала бойына қалыптастыруға арналған шығармалар іріктеліп алынған. Ол шығармаларда сөз болатын негізгі қасиеттер: әдептілік, ұят пен ар, шындық пен әділет, ынтымақ пен бірлік, жолдастық пен достық, құмарлық т.б. М. Әуезов: «Адам баласынан жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі өнеге білетіндігінен... Көпшілікті адамшылыққа тәрбиелеу үшін, жас буынды жақсылап тәрбиелеу қажет» – деген [4-127б.].

Адамгершілік тәрбиесінің үдерісін ұйымдастыру кезінде әрекеттің және қатынастың әр түрлеріне балалар қатысатын объективті қарым-қатынастарға назар аудару керек. Бұл қарым-қатынастар педагогикалық іс-әрекеттердің дәл нысанын құрайды (И.С.Мариенко) [5].

Жүсіп Баласағұн өз еңбегінде бала тәрбиесіне де баса назар аударып, бұл орайда бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі мен жауапкершілігін атап көрсетеді («Егер бала тәртіпсіз болса, оған әкесі де кінәлі»). Ғұлама ғалым өз өсиеттері арқылы адамдарды өтірік айтудан сақтандырып, өмірде жақсылық жасауға шақырады («Қастық қылма, арамдықты сайлама, тый құлқынды, жақсылық ет қайда да») [6-132б.].

Абай шығармаларын еңбек тәрбиесіне қатысты тәрбиелік іс-шараларды жүзеге асыруда пайдалану мүмкіндігі көптен бері айтылып келе жатқандықтан, ол

ұстаздарға таныс. Мәселен, ең алдымен тәрбиеленушілерге еңбектің қай түрі болмасын бір нәрсені игеруге бағытталады:

Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған – деген өлең жолдарын қазіргі заман тұрғысынан түсіндіру, мәселен, оқудағы мақсат «бастық болу» /қазақ арасында кең тараған сөз «менің балам бастық болады»/ деп емес, ең алдымен білу үшін, оқимын /оқисың/ деген пікірді баланың санасына ендіру. Бұл басты мақсат. Одан соң не нәрсені болмасын игеру үшін еңбектену керек [7-1346].

Ұлы данышпан әл-Фарабидың «Тәрбиесіз берген білімнің күні қараң» – деген [8].

Сондықтан бүгінгі ұрпақтарға білім-ғылым нәрін берумен қатар, өз халқымыздың тағылым қағидаларын жеке тұрғыда үйретіп, игертудің мәні зор.

Шоқан Уәлиханов шығармаларындағы адамгершілікті мәні мынада: қазақ қоғамындағы қоғамдық және адамгершіліктік жамандыққа қарсы күресте, қоғам зиялыларының адамшы және жабайы моралін талқылауда, өз мақсаттарында соларды қолдануларын жазғыруда, пасық діни қағидаларға қарсы күресте, «әділдік», «ар-ұят», «намыс», «міндет», «парыз», «борыш» және т.б. ұғымдардың алғаш рет кездесуінде [9].

Ы. Алтынсарин пікірінше, адамгершіліктің негізіне білім мен тәрбие құрайды. «Баланың ең жақсы адамгершілік қасиеттері тек ұдайы қалыптасады». «Жақсы тәрбиеленген бала сонан кейін де жақсы адам болып қала береді». «Адамгершілік тәрбиесінің басты тәсілдері еңбекпен ата-аналарының үлгісі болып табылады, – дейді» Ы. Алтынсарин [10].

Кіші мектеп жасындағы бала үшін оқу әрекеті жетекші роль атқаратындықтан, ұйымдастырылған оқу іс-әрекет мазмұнындағы балаларға берілетін құндылық бағдардың әсері мол.

Әлеуметтік мәні зор ұлттық құндылықтардың мән-мағынасын ұғындыру, оны баланың санасына, сезіміне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу тәрбиешіден шеберлікті талап етеді.

Балалардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың жолдарының бірі – ол баланың қызығуын арттыру. Егер балаға қызығуына қарай тәрбиені жүйелеп берсе, баланың даму үдерісі шапшаңдайды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет мазмұнындағы халықтық білімдер құндылық бағдардың құрылымына ене отырып, балалардың танымдық әрекетін қалыптастырады.

Жалпы «Таным», «Коммуникация», «Шығармашылық», «Денсаулық», «Әлеуметтік орта» білім беру саласындағы мазмұны ұлттық тәрбие арқылы бағыттап

отыратын білімдік-тәрбиелік сипатымен ерекшеленеді [11]. Мәтінді талдау кезінде оның құрылымы мен мазмұны жеке тұлғаның рухани дүниесін байытатындай, сөйтіп, оның өзіндік пікірін туғызатындай деңгейде ұйымдастырылған жағдайда жеке тұлғаның ұлттық құндылық бағдарының дамуына мүмкіндік туады.

Ол үшін баланың бойындағы ұлттық құндылықтар қатарының артуына ықпал ететіндей бағытты ұстана отырып, өнегелік тәрбие арқылы мәнін ашатын арнайы бағыттайтын мәтіндерді пайдалану қажет.

Мысалы: «Шаңырақ шуағы» тақырыбын өту барысында шағын мәтіндерді пайдалана отырып, имандылыққа ата-анаға құрмет көрсетуге бағыттау.

Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір мазмұнға құрылады, оқиға желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Кейіпкерлер арасындағы қайшылықтар өрістей кеп әділдік үстемдік құрып, зұлымдық жеңіліс тауып жатады. Талай-талай іс-әрекеттер өткір сықақ, мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Бала жағымсыз кейіпкерлердің жексұрын әрекетінен бой тартып, жақсылыққа құмартады. Ертегінің осындай әр жақты сырын тартымды, бала санасына лайықтап жеткізу айтушының шынайы шеберлігіне тікелей байланысты.

Жаңылтпаштар балабақшадағы көркем әдебиет, сауат ашу және жазу, тіл дамыту, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде және бос уақыттарда тіл ұстарту, сөздің дыбысталуын нақышына келтіре дұрыс, тез, шебер айта білуге жаттықтыру, сөздің маңынасын түсіне білу мақсатымен пайдаланылады.

Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер – халықтың ұзақ уақыт бойы адамдарды іс-әрекеті, мінез-құлқына жасаған бақылауларынан туған дана сөздері. Бұларды тәрбиешілер балалардың түрлі іс-әрекетіне, мінез-құлқына байланысты тәрбие құралы ретінде пайдалануына болады.

Балаларды әдебиетпен және ауыз әдебиетімен таныстыру, оларды әңгімелеуге және оқыған, тыңдағанын қайта әңгімелеп беруге, өлеңдерді, жаңылтпаштарды, мысалдарды жатқа мәнерлеп оқуға үйрету, тілді бейнелеу және мәнерлеу, сөздік шығармашылықтың бастапқы түрлерін дамыту жөніндегі жұмыс – міне, осылардың бәрі баланың зердесін оятып, ой-түйсігін жетілдіруге жәрдемдеседі.

Бес жастағы кезде балалар көркем шығармаларды тұтас алғанда тереңірек қабылдайды; сюжетті жай түсініп қана қоймайды, жарқын, бейнелі сөзді, ертегілер мен әңгімелердің нәрін аңдай бастайды, өздерінің кейіпкерлерге деген көзқарастарын айтады. Бес жасқа шыққанда олар ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерде ғана емес, одан тыс жерде де танысқан көптеген қысқа-қысқа ойнату тақпақтарын, төрт жолдық өлеңдерді біледі. Балалар тәрбиешінің барлық тапсырмаларын ынталы орындайды; әңгімесін кішкене жазық фигураларымен сүйемелдей отырып, ертегіні қайта айтып шығады, белгілі ертегілерді драмалайды, бейнеле-

ген кейіпкерлердің сипаттық ерекшеліктерін сөйлеуі, бет-әлпетінің құбылысы арқылы көрсетуге, оларға деген өздерінің қарым-қатынастарын беруге талпынады. Жатқа айтуды, әңгімелеуді олар дауыс ырғағымен мәнерлеуге тырысады.

Бес-алты жастағы кезде балалар шығарманы ықыластана, назар аударатындау дағдысын, мазмұнға, кейіпкерлерге деген өз көзқарасын тиянақтап айта білуді меңгереді; оларда шығарма мазмұн мен оның бейнелеу, мәнерлеу құралдары арасындағы байланысты байқау қабілеті дамиды. Іс-әрекеттің белгілі бір түріне қызығу тұрақтылығы пайда болады; біреулері өлең оқуды, енді біреулері ертегі айтуды жақсы көреді. Түйсік қабілеттері дамиды; балалардың өздері жұмбақ, өлең ойлап таба бастайды, белгілі ертегілерге ұқсас ертегі ойлап шығарады. Құрбыларының қисынды тапқырлық талпыныстарына және орындаушының іс-әрекетіне баға беріп қарау қалыптасады; балалар кімнің жақсы ойлап табатынын, әңгімелейтінін, жатқа оқитынын кәдімгідей бағалайды.

Адамгершілік көзқарасты қалыптастыру бойынша жұмыстар түрлі бағытта жүзеге асырылуы тиіс, әңгіме үстінде, ойын кезінде, көрнекі материалдарды қарастырғанда, телехабарды көріп отырғанда, түрлі жағдайды шешу кезінде, т.б. Балалар адамгершілік істер жөнінде білім алып қана қоймай, бұл істерді күнделікті өмірінде, үлкендермен, балалармен қарым-қатынаста жүйелі түрде басшылыққа алып отыруға дағдылануының маңызы зор.

Мектеп жасына дейінгі кіші жастағы балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің міндеттері:

1) балалардың жақын адамдарына, үлкендерге, құрбыларына жақсы қарым-қатынасын дамыту, айналасындағыларға жағымды қарым-қатынастың тууына ықпал ету (ата-анасына сүйіспеншілігін, тәрбиеші мен құрбыларына, т.б.);

2) жақын адамдарының, құрбыларының ертегі кейіпкерлерінің, т.б. жағдайларына қайырымдылық сезімін ояту, аяушылық білдіру, аймалау, жағымды сөздер айту, жұбату, т.б.

3) мәдени мінез-құлық пен қарым-қатынастың қарапайым ережелерін орындауға үйрету;

4) үлкендердің үйретуі бойынша сыпайы сөздермен: «рақмет», «жарайды», «сәлеметсіз бе?», «қайырлы түн», ал өтінішін жайлы үнмен жеткізу, т.б.);

5) мәдени-гигиеналық дағдыларды игеруге дұрыс көңіл бөлуге тәрбиелеу, өзін-өзі қамтамасыз етуге дербестігін дамыту;

6) еліктеу ойындарындағы сезім жағдайларын қабылдауда ақыл-ойын дамыту;

7) балалардың адамдар (үлкендер, құрбылар, т.б.) олардың сезім жағдайлары айқын білінетін сыртқы пішіндерінің ерекшеліктері, айналасындағыларға көңіл аударуы мен қамқорлығы, іс-қылықтары туралы көзқарасын қалыптастыру;

Балаларды бес жастан бастап, адамгершілікке тәрбиелеу айналасындағы адамдарды түсіне білуін одан әрі дамытуға, олармен жақсы қарым-қатынас туғызуға бір-біріне ықпал етуге бағытталған.

Тәрбиелеу міндеттері:

1) балаларды балабақшада, көшеде, қоғамдық орындарда мәдени мінез-құлық ережесіне сәйкес өзін-өзі ұстай білуге тәрбиелеу (амандасу, ескерусіз қоштасу, өз өтінішін жағымды жайлы үнмен жеткізу, т.б.);

2) балалардың айналасындағыларға қарым-қатынастың адамгершілік нормалары жөнінде көзқарасын қалыптастыру (жақсылық ойлау, әділдік, шыншылдық, т.б.)

3) адал сезімге тәрбиелеу (нақтылыққа, сезімталдыққа, әділеттілікке, т.б.)

4) бейтаныс құрбыларымен, үлкендермен жақсы қатынаста болуға үйрету;

5) баланың өзінің аты-жөнін, фамилиясын, мекен-жайын, ата-анасының, жанұяның басқа мүшелерінің аты-жөнін білуі, «ат», «жас», «ата-ана», «жанұя» деген сөздердің мағынасын түсіне білуі керек:

6) жолда жүру ережесімен таныстыру керек: көшеден үлкендермен бірге бағдаршамның жасыл шамы жанғанда өту керек;

7) балаларды халық дәстүрін, мәдени мұраны құрметтеуге үйрету;

8) туған жерін сүйуге тәрбиелеу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Адамгершілік тәрбиесінің жалпы міндеті мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқы мен тәртібін, адамгершілік сезімі мен сана нышандарын, адамгершілік түсініктері мен мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады. Адамгершілік сезім адамгершілік түсініктерді меңгерудің негізінде туып, балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлқынан, тәртібінен көрініс табады. Адамгершілік тәрбиесінің міндетін жүзеге асыру барысында баланың бойында енді дами бастаған адамгершілік сезімдерін пайдалана отырып, үлкенді сыйлауға, мәдени мінез-құлықтың қарапайым ережелерін, әдеті мен дағдыларын моральдық сапаларын, мінез-құлықтарын, өзін және өзгелерді әділ бағалай білу қабілетін дамытып, қарапайым да күрделі сезімдер мен қарым-қатынастар қалыптастыруға ықпал ете білуге үйрету көзделеді.

Сонымен, мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамытуда жетістікке жету үшін адамгершілігін, жауапкершілігін қалыптастыруды дер кезінде бастау керек.

Халық педагогикасының тәрбиесі арқылы мектепке дейінгі жастағы балаларды адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру үшін жүйелі де кешенді жұмыстар жүргізу керек, педагогикалық мүмкіндіктерін қажет дей келе төмендегідей ұсыныстар білдіргім келеді:

– балалар бойында өнегелік тәрбие арқылы адамгершілік қасиеттер қалыптастыру үшін, ең алдымен балабақша өмірін педагогикалық жүйе, яғни тұтас педагогикалық үдеріс ретінде қарастыруға қол жеткізу керек;

– тәрбие арқылы мектепалды даярлық балаларының адамгершілік тәрбие беруде балабақша кітапханасының мүмкіндігін мейлінше пайдалану;

– сол сияқты қазіргі кезеңде компьютердің жасөспірімдер өміріндегі орнын ескеріп, олардың компьютерде ойнайтын түрлі ойындар да өнегелік тәрбие арқылы адамгершілікке үндейтін ойындарға, әсіресе ертегі аңыздардан бастап, қазіргі руханилықты насихаттайтын ойындарға ауыстыруымыз қажет деп ойлаймын.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан ұлттық энциклопедия. – Т. 9. – Алматы, 2005. – 253 б.
- 2 Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Астана, 2000.
- 3 Ядышко В.И., Сохина Ф.А. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 1982.
- 4 Әуезов М. Қазақтың халық жұмбақтары. – Алматы: ҚМБ, 1959. – 186 б.
- 5 Мариенко И.С. Мектептегі адамгершілік тәрбиесі процесінің негіздері. – Мәскеу, 1985. – 364 б.
- 6 Баласағұни Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1987. – 301 б.
- 7 Құнанбаев А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1977. – 251 б.
- 8 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 251 б.
- 9 Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. – 5 том – Алматы, 1961–1972.
- 10 Ыбырай Алтынсарин тағылымы // Құрастырған М. Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
- 11 Меңжанова А.Н. Мектеп жасына дейінгі педагогика. – Алматы, 1992.
- 12 Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан // Құрастырғандар Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: Кітап, 1992. – 196 б.
- 13 Төлеубекова Р.К. Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану: пед. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1994. – 134 б.
- 14 Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан // Құрастырғандар Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: Кітап, 1992. – 196 б.

15 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 163 б.

16 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992, – 106 б.

17 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты. – Астана, 2008.

18 Құлжанова Н. Мектептен бұрынғы тәрбие. – Орынбор, 1923; Антология педагогической мысли в Казахстане / Сост. К.Б. Жарықбаев, С.К. Қалиев. – Алматы: Рауан, 1995.

19 Меңжанова А.Н. Мектеп жасына дейінгі педагогика. – Алматы, 1992.

20 Баймұратова Б. Балаларды мектепке даярлау жөнінде. – Алматы, 1975.

А. Расола¹, М.Ш. Кунанбаева¹

Нравственное воспитание детей дошкольного возраста

¹ Факультет педагогики и спорта,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

A. Rasola¹, M.Sh. Kunanbaeva¹

Moral education of preschool children

¹ Faculty of Pedagogy and Sports,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan.

Аннотация

В данной статье раскрывается понятие нравственного воспитания детей дошкольного возраста. О нравственных традициях казахского народа и их воспитательном значении, состоянии поведенческого воспитания детей дошкольного возраста. Был проведен обзор научных исследований педагогов-ученых по нравственному воспитанию, рассматриваются различные пути формирования нравственных ценностей у детей в организованной учебной деятельности дошкольных учреждений. Определены и обозначены конкретные задачи нравственного воспитания детей дошкольного возраста. Приводятся примеры трудов писателей-поэтов, оставивших свои работы по воспитанию ребенка в детском саду, сохранению его здоровья, формированию нравственных качеств личности ребенка через природу. Будет доказано, что нравственное воспитание является необходимым условием дальнейшего развития личности, делается вывод о необходимости проведения системной и комплексной работы по формированию нравственного воспитания.

Ключевые слова: дошкольный возраст, нравственность, поведение, педагогика, человечество, обучение и воспитание, общество, развитие личности.

Summary

This article reveals the concept of moral education of preschool children. About the moral traditions of the Kazakh people and their educational value, the state of behavioral education of preschool children. The review of scientific researches of teachers-scientists on moral education was carried out, various ways of formation of moral values at children in the organized educational activity of preschool institutions are considered. Specific tasks of moral education of children of preschool age are defined and designated. Examples of the works of writers and poets who left their work on the education of a child in kindergarten, the preservation of his health, the formation of moral qualities of the child's personality through nature. It will be proved that moral education is a necessary condition for the further development of the individual, the conclusion is made about the need for systematic and comprehensive work on the formation of moral education.

Keywords: preschool age, morality, behavior, pedagogy, humanity, education and upbringing, society, personal development.

МРНТИ 16.41.21

*K. Beisenova*¹

¹ Faculty of Humanities
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan
e-mail: star1992@list.ru

THE MAIN TIPS FOR TAKING THE IELTS

Summary

This article is devoted to the preparation for the international exam. It covers the basic techniques and tips for successfully passing the test. In Kazakhstan, the role of the international test is growing every year, since it is a necessary document for admission to the country's universities and international universities. It should be noted that this international test is required for admission to doctoral studies. The development of multilingual education in Kazakhstan also provides for the condition under which teachers leading the subject in English must pass this test, as this is a guarantee that the teacher speaks a foreign language at the proper level. Therefore, this article will help future students and teachers to improve their results and successfully pass the test.

Keywords: the international test, multilingual education, listening, reading, writing, speaking.

INTRODUCTION

IELTS (International English Language Testing System) was established in the UK in 1989. The main purpose of the IELTS test is to identify the level of English proficiency among candidates who are not native speakers of this language. There is a both a paper and computer version of the test. At this stage, the test on paper is more common. The structure of the IELTS test is structured in such a way that it makes it possible to give a fairly objective assessment of the various skills of candidates necessary for communication and perception of information. The exam consists of four sections: Listening, Reading, Writing and Speaking. Speaking is the last section of the IELTS, and it's only 10–15 minutes. However, it is possible to transfer this section to another date (within 2 days before or after passing the main part of the exam). It happens in the case of a heavy workload of a certain test center on the days of delivery. IELTS Listening is presented in a listening format. This section assesses the ability of a candidate to understand speech.

After listening to the recording, the candidate needs to answer questions. IELTS Reading evaluates the reading skills of various texts in English. Texts in the academic and general modules are different.

MAIN PART

Academic Reading contains three parts, each of which is a text of 650-1000 words, taken from specialized newspapers and magazines. It is given 60 minutes to complete this task. The following tips will help you find the right approach to preparation.

1. Understand the main idea of the text. This will make it easier for you to understand. Some graphics, tables, and illustrations in any part of the text can give you a good idea of the topic and content.

2. Remember – there is no time to translate while reading the tests. Make sure that you write down your answers on a sheet for them and not on the same document as the questions.

3. The reading test is general and intended for people with different levels of education. This means that no special knowledge is needed to understand it. However, some categories may be more familiar to you than others.

4. If you read and at the same time answer questions in order, check back several times if you write the answers in the appropriate answer sheet.

5. If you do not know the answer to the question, of course, you should read the text more carefully, try to find the answer. If you search for information for this question too long, you may not have enough time. Remember that the reading test is 60 minutes and there are 40 questions. If you spend more than one minute on each question, keep in mind that you have less than 20 minutes left to read the entire text. If you really cannot find the answer to the question, go to the next question.

6. Although there is no grammar component in the test, it is very important. As with the listening test, you can predict possible answers using the grammar of the question and reading the text and also to check which answer is correct. Take a look at this example.

There have been at least 500..... to correct this problem.

a) Attempts b) Versions c) Tries d) Table Monolith

The fact that the number is indicated is «500»; the missing word must be a noun, or an adjective, in the plural. There are no adjectives in the answers, and only three plural nouns. Now you can use the text to check the answer.

7. Thai students usually do a very good reading test. They very well highlight the keywords in question. And finding these keywords in the text is easier than reading everything. However, as with listening, in the IELTS test for reading is often not the same words that need to be found to answer. As a result, you are forced to look for synonyms

for keywords. Let's consider such word as «correct», we can find possible synonyms like right, accurate, exact, and truthful, spot – on, proper, acceptable, accepted. Depending on the context, only some of them can be used as synonyms. You need to be aware of all these words and match them with the keywords you are looking for. Also, antonyms should also be considered – words with opposite meanings. As you can see, you will have to use a fairly deep understanding of the vocabulary.

8. If you do not know the answers to some questions – think up. It's amazing how many students leave blank cells when you need to choose between the suggested answers. If you have a choice, B, C or D, you have a 20% chance to answer the question correctly!

9. If you do not know the answer to the “True / False / Not given” question, and you want to guess the answer, do not select “Not given” – this is the least popular answer.

10. When reading a very specific text (for example, about the development of computer chips), do not think that you do not know anything about this topic and therefore cannot answer questions. In such texts, there are more specific topics, more facts and easier to get to answer questions.

11. There are also some documents containing an opinion that you should know. Remember that sentences that begin with such phrases: “While it can be argued that ...” do not express the opinion of the author, they more often refer to the opinion stated by someone else.

12. You may also get a text with a mass of long compound words. Very often, these words are the key to the meaning of a sentence, therefore it is extremely important to answer a question. However, just as often, these words are not needed at all – they provide a more beautiful description, and do not play a role in the meaning. If you focus on words that you do not understand, you will not have enough time to understand at least some meaning. If some words are too complex, ignore them. Try as an exercise to read a copy of the newspaper in English. Find an article with a lot of words you don't understand. Physically cross out all these words, and then read the article to see if you can understand it. Most likely you can.

13. If there are a large number of dates in the text, circle them – the dates are important. If you circle them, you can easily find them again, already answering questions.

14. Similarly, one should deal with names, even if there are not very many names in the text. It is much easier to find the necessary data for the selected places than in the text as a whole.

15. If you need it, you can write on the answer sheet.

16. The most common advice: read a lot. Every day you need to read something. The more you read, the easier it will be to cope with any text. Studying the structure of sentences and punctuation, first of all, try to understand the ideas of what you read.

17. If you do not have enough time, leave all the “True / False / Not given” questions to the end, because you do not need to read everything to answer them.

Writing in IELTS examines writing skills, as well as knowledge of grammatical and lexical norms. The task in the Writing section varies depending on the module. In the academic IELTS module, it is proposed to study charts and graphs and analyze them in writing. In the general module, you are invited to write a story about yourself or a letter (to a friend, bank manager, employer, etc.). Besides, there is a second task in both modules – an essay on a given topic (at least 250 words). It’s given 60 minutes to complete this task.

Academic IELTS Writing Task 1 question requires you to use several vocabularies to present the data given in a pie/ bar/ line/ mixed graph or to describe a process or a flow chart. Being able to use appropriate vocabularies, presenting the main trend, comparing & contrasting data and presenting the logical flow of the graph ensure a high band score in your Academic IELTS writing task 1. This vocabulary section aims to help you learn all the phrases and words you need to know and use in your Academic writing task 1 to achieve a higher band score. The examiner will use four criteria to score your response: task achievement, coherence and cohesion, lexical resource, and grammatical range and accuracy. Since lexical resources will determine 25% of your score in Task 1, you have to enrich your vocabulary to hit a high band score. To demonstrate that you have a great lexical resource, you need to:

1. Use correct synonyms in your writing.
2. Use a range of vocabulary.
3. Do not repeat words and phrases from the exam question unless there is no alternative.
4. Use less common vocabulary.
5. Do not use the same word more than once/twice.
6. Use precise and accurate words in a sentence.

You should learn synonyms and use them accurately in your writing to give the impression that you can use a good range of vocabulary. In the IELTS Academic Task 1, you must be able to identify, understand and describe various types of graphic information. This is considered an important academic skill because it shows you can intelligently and interpret and describe data presented in charts, tables, graphs, and diagrams. If you have written your answer very well, even someone who cannot see the graphic should be able to understand what happened. [1]

To prepare yourself to complete Task 1, follow the five steps below:

1. Learn to recognize and identify different graphic forms, such as line graphs, bar charts, pie charts, etc.
2. Know what key information, comparisons and trends to look out for.

3. Practice using the specific vocabulary required to describe those trends.

4. Learn how to follow a plan to start, complete and finish your answer. Use sample Task 1 questions, included on this website, to practice writing out a full response. At first, do not time yourself. Later, once you've got the hang of it, time yourself and make sure you finish in 20 minutes.

5. Know what NOT to include in your response.

In task 1 for the increasing trend, you can use such verbs as "rise", "increase", "go", "climb", "grow", "double", "treble", "boom", "surge", "soar", "rocket". For the declining trend these verbs are frequently used: "fall", "decline", "decrease", "dip", "drop", "go", "plummet", "plunge", "dive", "deteriorate", "slump". For the steady trends these verbs are widespread: "Do not change", "remain", "stayed stable/steady/static, maintain the same level". You can also replace the verb with the noun, for instance: "showed an increase" or "caused an instant surge".

By learning to use common phrases and set expressions, you can add variety and interest to your writing. You will also be able to write more quickly and effectively during exams when time is limited. Of course, you won't need to use all of the expressions on the IELTS. Ideally, you should be comfortable using at least three or four expressions from each group below, so they come to mind easily during the IELTS. It is also helpful to have someone call them out so you can test your spelling. Unfortunately, students sometimes make spelling errors even in these commonly occurring expressions. Practice sufficiently so you don't lose points unnecessarily on something that's within your control.

As for the listening section, these tips should be taken into consideration:

1. If you cannot hear the audio clearly, let a member of staff know straight away.
2. Follow the instructions carefully; they may be different from previous tests.
3. Listen to the specific information you want.
4. Try and anticipate what the speaker will say; this will require concentration.
5. Do not worry if there is a word you do not understand; you may not need to use it.
6. If you do not know the answer to a question, attempt it but do not waste time; move quickly onto the next one.
7. Be careful with your spelling and grammar.
8. Do not panic if you think the topic is too difficult or the speaker is too fast; relax and tune in.
9. Read, write and listen at the same time.
10. Focus precisely on what you are asked to do in completion type questions.
11. Pay attention to the word limit; for example, if you are asked to complete a sentence using no more than two words, if the correct answer is 'leather coat', the answer 'coat made of leather' would be incorrect.

12. If the question asks you to complete the note ‘in the...’ and the correct answer is ‘morning’, note that ‘in the morning’ would be incorrect; the correct answer is ‘morning’.

13. Attempt all questions; there are no penalties for incorrect answers

14. Check your answers.[2]

During the speaking section you must [3]:

1. Try to talk as much as you can

2. Talk as fluently as possible and be spontaneous

3. Relax, be confident and enjoy using your English

4. Develop your answers

5. Speak more than the examiner

6. Ask for clarification if necessary

7. Do not learn prepared answers; the examiner is trained to spot this and will change the question.

8. Express your opinions; you will be assessed on your ability to communicate.

CONCLUSION

Хор репертуарында «нағыз терең ойлы, ғасырлар тезінен өткен, адамның жан дүниесін байытатын музыкалық шығармаларға» ғылыми тұрғыдан баға бере білу мүмкіндігін қалыптастыратын мәңгілік өмірмен Бахтың, Моцарттың, Бетховеннің, Чайковскийдің ұлы туындыларында қарастырылуы тиіс. Хор ұжымында студенттермен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының ерекшеліктерін талдау, хормен ән салудың аса күрделі сан қилы шығармашылық әрекет екендігін, оның тәлім-тәрбиелік мүмкіндігі мол құрал бола алатындығын көрсетеді. Хормен ән айту – музыкалық білім және тәрбие берудің ең басты бөлімдерінің бірі. Әрбір денсаулығы жақсы баланың ән айтуға құштарлығын, сезімін, көңіл-күйін, ынтасын, эстетикалық талғамын қалыптастыруда ән айтудың рөлі зор. Сондықтан іскер музыка маманының ұйымдастыруымен хормен ән айту эстетикалық тәрбие берудің нақты ортасы болып табылады. Ән айту адамға жан-жақты тұрғыдан әсер етуі арқылы балалардың өмірдегі қуаныш пен әсемдік сезімдерін, эстетикалық талғамын байытады, қалыптастырады. Ән үйрету кезеңі (процесі) әуенді тыңдай білу, таза орындай білу және есте сақтауға үнемі жаттығуды талап етеді. Хормен ән айту оқушыларды музыкаға баулып, жан-жақты дамытудың жалпы құралы. Сонымен бірге оқушылардың зейінін, тәртібін, аңғарымдылығын тәрбиелейді. Бірігіп ән айту әннің мазмұнының таза орындалуына тырысуға, көркемдік бейнені бірдей ашуға ынталануға, бір ұжымдық шығармашылыққа тәрбиелейді, бірлікке жұмылдырады.

Хор дағдылары: Хор дағдыларын қалыптастыру жұмыстары унисондық түрде, дауыс мүмкіншілігінің (диапазон) ортаңғы бөлігінде жүргізіледі. Екі дауыста ән айтуға көшкен кезде де унисонмен айту дағдысы жалғастырылып отырады. Екі дауыста ән айту дағдысын қалыптастыру жұмыстары ең алдымен канонмен ән айтудан басталып, екі дауысқа көшу біртіндеп іске асырыла бастайды.

– Ән айтқанда денені дұрыс ұстай білу дегеніміз – кеудені түзу тік ұстап, басты сәл артқа қарай көтеріп отыру. Қолды тізенің үстіне қою (отырғанда), немесе түзу екі жағына жіберу (тұрғанда).

– Дем алу. Ән айтар алдында демді иықты көтермей ішке терең алып белгілі бір тиянақты ойды білдіретін фразаға дейін үнемдеп жеткізу. Дирижерлеп тұрған мұғалімнің қолының көтерілуіне байланыстыруға болады.

– Дыбыстау немесе дыбыс шығару. Дыбысты таза өз дәрежесінде шығару, хормен айтқанда бірдей бастау, фраза аяғына дейін жеткізу.

– Дикция. Дауысты дыбысты таза шығару, дауыссыз дыбыстарды қысқа анық меңгеру, әннің сөзін анық та түсінікті айту, дауыссыз дыбыстарға көп тоқтамау. Мысалы: р-р-р, қ-қ-қ ! «қандай жақсы» дегенде қ-қ-қан-н-д-д-.

Хормен ән айту курсы ән айту тәжірибесі жоқ, бұрын музыкалық білім алмаған оқушыларға арналған. Хормен жұмыс жүргізу барысында оқушылар әнді хормен айту дағдысының теориялық-практикалық білімдерін меңгереді. Музыка сауаттылығын меңгеру ән айту барысында да жүзеге асып отыруы керек. Оңушы-лардың дирижерлік тәсілдерді меңгеру кезінде хор айту репертуарының мазмұнына мектеп өндері кіреді. 16-17 жастағы оқушылардың дыбыс шығару аппараттарында дауыс қалыптасудың өтпелі кезеңінен (мута-ция) қалған әлі толық жетілмегендік байқалып тұрады. Сондықтан дауыспен жұмыс жүргізу барысында ән ре-пертуарын, дауыс жаттығуларды өте сақтықпен таңдап алған дұрыс.

Ол үшін оңушылардың дауыс диапазонда-рын әбден нақты жүйеге келтіріп, алыт дауыстыларға -ля, кіші октава, до,ре 1-октава; сопранолардадо,ре 1-окта-ва, ми, фа 2-октава аралықтарын қатаң сақтаған жөн. Хормен ән айту дағдыларын қалыптастыру алдымен демді бірқалыпты күш түсірмей бірқалыпты алу – ән айту ережелерін дұрыс сақтауға тікелей байланысты жүргізіледі. Хорда ән айту ережесі – жай ән айтудағыдай адамның денені тік ұстап, қолды дененің екі жағына жіберіп (тұрғанда), немесе тізенің үстіне қойып (отырғанда) еркін тұруы немесе отыруы. Демді ішке мұрын мен ауыз арқылы бірдей жаймен алу. Хор әншісі жинақы, біркелкі тыныстануы қажет.

Көңілді, жеңіл жылдам әндерді айтқанда артикуляциялық аппараттардың жылдамырақ қозғалысы қажет етіледі. Мұғалім әр түрлі сипаттағы әндерді айтқанда оның сөз мәтініне байланысты жұмыстар жүргізу керек. Орташа, созылыңқы әндерде артикуляцияның жұмсақ, марш тәрізді патриоттық әндерде оның, ауырлау қозғалысын қалыптастыру керек. Бұл талаптардың барлығы хордағы айтылатын әндердің мазмұнын, сипатын мәнерлеп орындау үшін қажет. Хор дағдыларын қалыптастыру жұмыстары унисондық түрде, дауыс мүмкіншілігінің (диапазон) ортаңғы бөлігінде жүргізіледі Екі дауыста ән айтуға көшкен кезде де унисонмен айту дағдысы жалғастырылып отырады. Екі дауыста ән айту дағдысын қалыптастыру жұмыстары ең алдымен канонмен ән айтудан басталып, екі дауысқа көшу біртіндеп іске асырыла бастайды. Алғашқы сабақтардан бастап ырақтық, динамикалық және жылдамдың ансамбльге көңіл бөлу қажет. Ансамбль сапасына кері әсерін тигізетін қателіктер – дұрыс жетілмеген, музыкалық есту қабілеті нашар, дауыс қабілеті мен музыкалық есту қабілетінің сәйкес жетілмегендігі – әнді айқайлап айту болып табылады. Алғашқы жұмыс кезінде көру арқылы қабылданатын қол қимылдары жұмыстары, дыбыс баспалдақтарының графикалық сызбалары (болгар бағанасы) бес саусаң арқылы айтқызу әдістері жақсы нәтиже

береді. Вокальдық хор дағдыларын қалыптастыру мақсатында істелетін барлық жұмыстар хор шығармасында бір-тұтас ансамбльде айтуға көмектесуі тиіс. Жалпы хор ансамблі – музыкалық шығармаларының жылдамдығын дәлме-дәл бере білуі болып есептеледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мұғалім әр түрлі сипаттағы әндерді айтқанда оның сөз мәтініне байланысты жұмыстар жүргізу керек. Орташа, созылыңқы әндерде артикуляцияның жұмсақ, марш тәрізді патриоттық әндерде оның, ауырлау қозғалысын қалыптастыру керек. Бұл талаптардың барлығы хордағы айтылатын әндердің мазмұнын, сипатын мәнгерлеп орындау үшін қажет. Хор дағдыларын қалыптастыру жұмыстары унисондық түрде, дауыс мүмкіншілігінің (диапазон) ортаңғы бөлігінде жүргізіледі. Екі дауыста ән айтуға көшкен кезде де унисонмен айту дағдысы жалғастырылып отырады. Екі дауыста ән айту дағдысын қалыптастыру жұмыстары ең алдымен канонмен ән айтудан басталып, екі дауысқа көшу біртіндеп іске асырыла бастайды. Алғашқы сабақтардан бастап ырғақтық, динамикалық және жылдамдың ансамбльге көңіл бөлу қажет. Ансамбль сапасына кері әсерін тигізетін қателіктер – дұрыс жетілмеген, музыкалық есту қабілеті нашар, дауыс қабілеті мен музыкалық есту қабілетінің сәйкес жетілмегендігі – әнді айқайлап айту болып табылады. Алғашқы жұмыс кезінде көру арқылы қабылданатын қол қимылдары жұмыстары, дыбыс баспалдақтарының графикалық сызбалары (болгар бағанасы) бес саусақ арқылы айтқызу әдістері жақсы нәтиже береді. Вокальдық хор дағдыларын қалыптастыру мақсатында істелетін барлық жұмыстар хор шығармасында бір-тұтас ансамбльде айтуға көмектесуі тиіс. Жалпы хор ансамблі – музыкалық шығармаларының жылдамдығын дәлме-дәл бере білуі болып есептеледі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қамбаров Ж. Қобыз сазы: (О. Сейітқазин туралы) // Семей таңы. – 1978. – 6 декабрь. – 14 б.

2 Байжігітов Б. Көркем өнер терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2000. – 78 б.

3 Балтабаев М. Әсем саз : бастауыш сыныптарға арналған музыка әліппесі. – Алматы: Атамекен, 2002. – 104 б.

4 <https://bilimainasy.kz/>

5 <https://infourok.ru/darindi-balalarmen-zhmis-zhrgizudi-erekshelikteri-564384.html>

6 <https://stud.kz/umkd/id/11121>

7 https://ust.kz/word/baldayren_hor_bagdarlamasy-160349.html

Т. Азамат¹, А.К. Аубашева¹

Особенности работы с детскими хорами

¹ Высшая школа искусства и спорта,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

T. Azamat¹, A.K. Aubasheva¹

Features of working with children's choirs

¹ Graduate School of Art and Sports,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В статье Автор сформулировал историю развития хорового искусства, жанровые особенности в музыкальном искусстве, художественный стиль, влияние на исторические пути становления, общественно-социальную значимость. в настоящее время в области развития хорового искусства, в том числе и в области культуры и искусства.

Ключевые слова: Развитие искусства хорового искусства, духовный процесс, оригинальное свойство, художественная поэтика, эстетический вкус, мыслительность, социальное бытие, пример, вариант.

Summary

In the article the Author formulated the history of choral art development, genre features in musical art, artistic style, influence on historical ways of formation, social and social significance. at present, in the development of choral art, including in the field of culture and art.

Keywords: the development of the art of choral art, spiritual process, original property, artistic poetics, aesthetic taste, thinking, social existence, example, option.

МРНТИ 18.41.51

Т. Азамат¹, Б.М. Жылқыбай¹

¹ *Өнер және спорт жоғары мектебі
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: tleu_sal@mail.ru*

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫ

Аңдатпа

Автор мақалада қазақтың дәстүрлі музыка өнерінің дамуын жанрлық ерекшеліктерін, көркемдік шалымы, бітім-құрылысы, тарихи қалыптасу жолдарына, қоғамдық-әлеуметтік мәніне әсер-ықпалына қатысты ой-тұжырымдаған. қазақтың дәстүрлі музыка өнерінің дамуының рухани үдеріспен тікелей сабақтас төлтума қасиеттерін анықтап, халықтың тарихи-әлеуметтік болмысымен біте қайнасқан көркемдік-поэтикалық шалымына, эстетикалық талғам мен тәрбиесіне берер ықпалын саралаған.

Тірек сөздер: қазақтың дәстүрлі музыка өнерінің дамуы, рухани үдеріс, төлтума қасиет, көркемдік поэтика, эстетикалық талғам, ой тұжырым, әлеуметтік болмыс, үлгі, нұсқа.

КІРІСПЕ

Сал, сері екеуі де өте ескі дәуірден сақталып келе жатқан халықтың тіршілігіне көп жаңалық кіргізген, әдебиетке, ой-санаға көп әсер еткен қазақ мәдениетінің бір жарқын белгілері. Оны осы күнгі сахнада мирас болған Біржан салдың бейнесі анық сипаттайды. Қазақ тілінде ерекшеленген сал мен серінің адамшылық қасиеті ауызбен жеткізуге болмайтын орасан асқақ болып отырады. Олар күштіге табынбайды, кедейді мақтап жыр шығарады. (Жанақ ақын, Дәулеткерей, Сейтек). Олардың бар ынтасы махаббатқа бас иіп, оған бәйек болып түсу, ол үшін ел-елді қыдырып, өзіне ақылды, сұлу қыз іздеу, оған барлық жас өмірін сарп қылып, мал-мүлкін аямай соның жолына құрбан етіп салу. Бұл тек қана сал мен серілерде ғана болатын. Сал мен серіні мұндай ардақты дүниеге бағыттайтын оның жаратылыс ерекшелігі, оның дарынды ойы, ашық-жарқын мінезі, сыпайылығы, сұлулықты, ғажайып жаңалықты жақсы көретіні, әдемі дүниеден ләззат ала білуі. Сал мен серінің өзгешелігі олар, әрі ақын, әрі әнші, әрі күйші, әрі сауыққой, елге

қуаныш беретін, олардың жүрегіне жарық сәуле түсіретін оқымысты адамдай саналады. Сондықтан халық сал мен серіні өте ардақтап, қуанышпен қарсы алып, олардың істерін халық ортасында аңыз қылып айтып жүреді. Ауылдағы бойжеткен қыздары да сал мен серіге ерекше көңіл қойып, олар ауылға келгенде тобымен жүріп, алдымен қарсы алатын.

Сері мен сал келген ауылдарда үлкен думанға түсіріп, ойын сауықпен олардың көңілін табады. Ф. Назаровтың суреттеуінше, сал жүрген жерін ұзақ уақыт қызыққа батырады. Ол өзінің шырқап салған әнді жазды күні түн ортасында ауғанша айға карап, шырқап ән салған. Ел-елді аралап жүретін әнші, серілер, салдар тарихи дәуірден келе жатқан мәдениеттің бір жарқын түрі. Олар өздері шығарған ән күйді, музыкалы шығарманы, халықтың эпикалы жырларын мәңгілікке сақтайтын аяулы ой иесі. Өткен ғасырларда сахарада ән мен күйдің өркендеуі бір ғана сал мен серілердің, атақты домбырашылардың көркейіп өркендеуімен байланысты болады. Олар әнді бір дауыспен айтпай кейде көп дауысты әдемі әндер шығарып жүреді, оның әдемі өрнегін бізге суреттейтін «Сегіз серінің» Бақтиярдың үйінде, Мақпал сұлудың алдында – көп серімен қосылып, көп дауыспен бірлесіп, айтқан әндері, Біржан салдың Абай үйінде жатқанда көп серімен бірлесіп айтқан сұлу әндері. Бұл әсер тіпті жәй нәрсе емес, қазақ музыкасының көркейіп, биік сатыға жеткенін сипаттайды. Демек, сол өнері халық топтарының жарқын бір түрі. Оның негізгі құрылысы ойын – сауыққа негізделген, ән шырқау, жарқын күй тарту, билеу (Дәулеткерей алдында), ән желдірме айту, тағы басқалар. Бұл сауық көрінісін салдар әр қашан көркем киімдермен, не ешкімге белгісіз бір алуан киімдермен, ат тұрманын алтын күміспен, топтаған моншақ, мыспен таусылмайтын сұлу өрнекті әдемі жібектер мен елді толықсытып жүретін.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Серілікті әдет қылған ойшы кісінің бірі сол кезде жасаған атақты Иоллық деген кісі. Ол өзі ғажайып аңшы, мерген, атты әдемілеп ұстайтын ат сейіл онымен қатар ол асқан ақын, жырау. Ағалары Білгі-хан мен Күлтегін қайтыс болғанда оларға арнап эпикалы оқиғаларды әдемілеп құрып, оны тасқа жазып қалдырған да осы атақты Иоллық тегін. Түрік қағанатының асқаралы биі Тоныкөк терең ойшы кемеңгер білгіш кісі болған. Өлерінде басына қоятын құлпы тасқа атақты жазуды ол өз қолымен жазып, қанша данышпан сөздер қалдырған. Тоныкөктің жалпы бейнесі VII–VIII ғасырда жазылған кемеңгер, ойшы Қорқытқа өте ұқсас. Қазақ аңыздары бойынша, Қорқыт ескі дәуірдегі серілікті бастаушының бірі. Бұған XIII ғасыр бұрын жасалған атақты шешен, ел басқарушы, онымен қатар атақты

жырау, ақын, күйші, бірінші қобыз жасаушы қазақ музыкасының атасы. Қорқыттың қобызын, оның музыкасын өзіне мұра еткен ұрпақтары әл-Фараби, Нысан абыз, Қойлыбай, Балақай, Жанақ ақын тағы, басқалар. Тарихи дәуірде қолданған музыка аспаптарының шығу тегі бір таңсық нәрсе. Оны терең оймен анықтауды бірінші рет алдына қойған ұлы жерлесіміз әл-Фараби. Ол кісінің бейнелеуінше, әрбір музыка аспабының үн шығаруы жаратылыс үнімен мол байланысты жатады. Қорқыт дәуірінде Сыр бойындағы қалаларды мекендеген тайпалар оғыз, қыпшақ, қаңлы, қарлұқ қобыз күйін киелі үн деп, Қорқыттың қобызына бас иетін болған. Бұл аңыз соңғы дәуірге дейін келіп жетті.

Қазақ аңызы бойынша Қорқыт күмбезінің жанынан өткенде одан Қорқыт қобызының «Қорқыт-Қорқыт» деген дауысы естіліп тұрады. Биікте ұшқан бейне құстың сайрауы, тау басынан ұлыған аң бөрінің дауысы, үйдегі қойдың маңырауы, өрістегі жылқының кісінеуі естіледі. Демек, қобыз күйінің сарынына зор елес берген жаратылыс үні: үрген жел, соққан боран, тамшылаған жаңбыр, судың ағыны, қамыстың шуы, орманның толқуы, шөптің сылдыры, таутастың жаңғырығы, найзағай – күннің күркіреуі – барлық жаратылыс үні күй шығарудың негізі болады. Күй шығарушылар Қорқыт, Жұмағұл ақын, Ықылас әр қашан үйден қобызын алып шығып, өзеннің жағасына барып тартатын болған. Өзеннің ағысы олардың жан күйін толқытып, шабытқа бөлеген. Ерте дәуірде шығарған күйлердің аты да осымен орайласып отырады. Мәселен: «Аққу», «Қызыл қайың», «Асау өзен», «Көк бұқа», «Боз айғыр», «Жез киік», «Қорқыт күй», «Ақсақ құлан», «Жошы хан», тағы басқалар. Аспаптың өзіне келсек, қобыздың сыртқы түсі оның шығарған үні келесі күйді еске түсіреді. Қу – қазақта киелі құс. Сондықтан «Аққу» күйі ерте кезде көпшілікке әсер еткен. Қобыздың түрі қуға ұқсас екенін бірінші рет суреттеген әл-Фараби. Одан кейін, оны солай салыстырған саяхатшы П.С. Паллас. Ол кісі 1772 жылы Семей өлкесін аралап жүріп, әлден уақытта қобыз тартып отырған, бір қазақты кездестіреді. Ол саяхатшыға «Аққу» күйін тартып береді. Палластың байқауынша, қобыздың сыртқы көрінісі одан сұңқылдап шығатын үн тұтасымен қудың түрін елестетеді 1. Сал мен серінің сипаты әсіресе Қорқыт дәуірінде оғыз-қыпшақ арасында өте күшті болды. Олар туралы Қорқыт жырында айтқан ғой: Елден елге Бектен бекке Қобызын артып қасына. Ұзандар жүр ел кезіп. Бұл аңыз қазақтарда осы күнге дейін айтылған ұзанның орнына «ақын» деп айтылады, яғни эпикалы жыр айтушылар. Оның мысалына Жанақ ақынды, Сабырбайды, Нысанбайды, Найман баланы, Марабайды Абылды, Сүйінбайды, тағы басқа ақын, күйшілерді келтіруге болады. Сал мен серінің қалай өркендеген жолдарын, оның сұлулық ой-сана туралы халыққа қандай әсер бергенін әдемілеп суреттейтін әсіресе Қорқыт аңызы, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Қыз Жібек, Ер-Сайын, Ер-Тарғын жырлары, серілік онда өте сәулетті, ғажайып түрде кездесіп отырады.

Жырда айтылатын кейіпкер Қозы Көрпеш, Төлеген, Ертарғын өзі тамаша серілер. Ел елден қыз таңдап, шатыр тігіп аң аулап, қасына көп сері жігіт ертіп, ойын-сауық құрып жүреді. Қыпшақ даласында серілік пен сал өнерін таратқан майталмандарының бірі Жошы хан. Оның өзі бір ғажайып сері. Ол қасына атақты жырауларды, ақындарды, сал-серілерді, әнші-күйшілерді топтап бірін-бірі сауық үстінде болған. Оның сұлулықты жақсы көруі бойынша әкесі жыл сайын Балқаш төңірегіндегі Құлан-Ойнақ даласына әдейі аң аулауға келгенде қыпшақ елінің «сыйы» деп, оған он мың боз ат, он мың әдемі қара ат тарту етіп отырған (Рашиддин). Жошы жас кезінің өзінде аңқұмарлық ісіне салынып, саят құруды, сауық қою өнерін ерекше суреттеген еді. Жошының аңда жүріп көп шыққан биік жері Ортаудың сұңқар ұя салатын биік басы. Ол жерді Жошы ерекше қадірлеген. Сұңқардың ең тамашасын осы арадан ұстайтын. Ол биік шыңды қазақтар осы күнге дейін сақтаған. Оның ғажайып таң қалатын әфсанелері ХІХ ғасырдың соңында «Дала уалаяты» газетінің үш нөмірінде көлемді етіп басылған 2. «Ақсақ құлан Жошы хан» күйін А.В. Затаевич Ануар Медетовтан жазып алды. Бұл ескі аңызбен айтылатын күйлерді келістіре тартатын бір ғажайып дарынды күйші еді, атақты Мұхит салдың ұрпағы болатын. А.В. Затаевичтің айтуынша, бұл «один из наиболее замечательных казахских «кюев» для домбры, происхождение коего связано с поэтической легендой о гибели Джучи хана, страстного охотника на куланов» 3. Жошы ханның аң аулап жүргенде құлан шайнап өлтіргенін сол кездегі атақты күйші Кетебұқа әкесіне домбыраның сарнауымен естіртеді. Медетов тартқан домбыраның дауысы, жанды күйзелтетін аса қайғылы еді. Әсіресе ішектің төменгі бунақтағы сарнап шыққан қасыретті үндері ханды ойға түсіреді. Жоғарғы бунақтарынан шыққан аңқыған қоңыр үндер екеуі қосылып, қапылыста өлген жас жігіттің бейнесі көз алдында тұрғандай болды, екеуі қосылғанда домбыра жылап тұрды. А.В. Затаевич жазып алған Ануар Медетов тартқан «Ақсақ құлан Жошы хан» күйін Ромен Роллан оқығанда атақты ойшы бір үлкен ойға батқандай. «Бұл аңыздың сюжетінде не деген ұлы күш, не деген музыкалық қасиет бар. Бұл нағыз симфониялық поэма». Тағы бір хатында: «Ақсақ құлан Жошы хан аңызындағы музыканың тасқын күші мені таң тамаша қалдырды. Бұл күй қазақ сахарасын талай рет ой толқынына бөлеп сұлу гүлдің алысқа атқан шарықтауын елестетеді», – деп жазады. Қыпшақ сахарасында серілікті әдемі суреттеген ақынның бір Құтыб. «Хұсырау-Шірін» ғашықтығын жырлаған кемеңгер ақын. Ол жырды Сырдария бойында тұратын Жезд қаласында 875 (1383 ж.) жылы жазып бітірген. Жер аттары көбінесе Қазақстан жері. Негізгі сюжеті серілік, ғашықтық туралы.

Сол серінің бірі Хұсырау не Фархад, оның сүйген қызы Шірін туралы. Бұл аңыз Құтыбтан кейін Сырдария бойындағы қазақтар арасында ХІХ ғасырға дейін айтылып келді. Құтыб жырының соңында өзі туралы айтқан: Бітірдім кітабымды

қатесін бағып, Бұ захмет шеккенімді білгейсің оқып. Атағымды «Берке факыр» деп айтады, Өзім мүмін, өзім мүслім, асылым қыпшақ. Кітап тарих жеті жүз сексен бесте сафар айының 25 де жазылып бітеді. Қыпшақ ортасынан шыққан екінші ұлы ақын Сейф әс-Сарами. Ол 1393 жылы Саадидің «Гүлістан» жырын қыпшақ тіліне аударарды. Гүлістан Алтын Орданың орталық қаласының бірі. Сарами осыны тегісімен өз тіліне аударып, оған өзінше сюжеттер қосып отырады. Кейбір жазуларда Сейфи қыпшақ арасын көп аралаған бақсы, ақын, ән салып, күй тартып жүрген, серілік туралы ол екі нәрсені жарқын түрде анықтаған: бірінші «Ғашықтық пен жас серінің сипаты» екінші «Қартайып мүшкіл тарту сипаты» (Сейф Сарами. «Гүлістан»), Бұл екі мәселе қазақ әдебиетінде Біржан сал мен Ақан серінің қартайғанда айтқан ойларына дәл келеді (деген соң біз қартайдық, біз қартайдық.) Арқада серілікті ескі дәуірде түрік қағанатынан кейін таратқан серінің бірі атақты күйші, әрі ақын, жарқын ойшы Қотан деген кісі. Оның бір күйін «Суға кетті Ер Қотан» Шоқан Уәлиханов жазып алған. Тегі оны Шоқан Жанақтан жазып алған сияқты. Демек, Жанақ жыр айтарында ылғи Қотанға бас иіп отырған. Ескі дәуірде серілер көбіне Жалайыр елінен көп шыққан. Соның бірі атақты Шедегей, атақты сері, саңлақ, майталман, өзі аңшы, өзі ақын, өзі күйші өзі сауыққой кісі болған.

Салдық пен серілік өнерінің биік сатыға жеткені қазақ дәуірі. Қазақ хандарының көбі өздерінің бабалары Жошы, Орда ежен сияқты ақын сері болған. Соның бірі Әз Жәнібек. Ол өзі атақты аңшы Құладынға қу ілдірген саятшы, ойын-сауықты көп қуған, ел-елді аралап, әдемі қыз іздеген. Жәнібектің ел жұмысын басқармай, тек аңмен, той думан мен бос уақыт кетіріп жүргенін Асан қайғы ұнатпаған.

Қасымханның баласы Ақназар да атақты серінің бірі, бірақ серілікті ол бір ғана сұлулық күшін, елге үлгі болу үшін пайдаланған. Серілікті биік сатыға жеткізген, әсіресе, Есімхан. Оның қамқа тондары, басындағы телпегі, аяғына киген қызыл етігі тегісімен алтынмен кестеленіп, отырған. Құстың да ең қырандарын ұстаған: сұңқар, лашын, тұйғын, «алтайдың ақ иық бүркіті». Абылай мен Әбілхайыр ханның ұрпақтарына дейін серілік пен сал өнері үздіксіз көтеріле береді. Серілікті жаны сүйген әсіресе Абылайдың жауынгер батыры, Уақ Баян батыр – атақты серінің бірі. Күйді он бір ғана алысқа шалқытып сыбызғымен тарататын болған. Абылай заманында жасаған ескі серінің бірі Тайлақпай, ол да сыбызғымен тартқан. Оның асқақтататын сұлу күйі «Қыз жылытқандай» әскерден есен-сау қайтқанын қуаныш етіп, осы сәулетті күйді қалдырды. Сыбызғымен көп тартушы әсіресе Кіші жүз серілері. Олардың қосымша елші топтап, кісі жиып, сыбызғы тартып отырғанын орыс өнерпаздары әр уақыта қағазға түсіріп отырған. Сондай сыбызғыдан тартқан ұзын күйдің бірі – Сырым батыр тартқан әдемі күйлер.

Бекет ордасында ерте кезде күйді төндіре тартқан күйшілер атақты Дәулеткерей, оның баласы Салауат, олардың туысқаны, халыққа аңыз болған Мұхит сал, Ұзақ, оның мұрагері Құрманғазы, Алыкей, Мар сері Жапаров, атақты Сейтен сері. Арқаның асқан серілермен адамды ойға түсіретін саңлақ жүйріктерінен, жүректі қуанышқа бөлейтін ойшыларынан ауызға алдымен түсетіндері Тәттімбет, Дайрабай; Өтеболат күйші. Шоқанның айтуынша мұның тартқан күйлері «Қызыл қайың», «Тарғыл бұқа», «Алабайрақ», «Суға кетті Ер Қотан», «Балбырауын», «Шығыт жібі бес бармақ». Шоқан бұл күйлерді тартқан Қанқожа Уәлихановты, Досжанды, тағы басқа күйшілерді бірге қосады. «Шығыт жібі бес бармақ» – саусақтың әдемі саласымен көп ішекті домбыраға мөлдірете тартатын әдемі күйі, оны Тәттімбет, Дайрабай, Өтеболат, Мұхит сияқты асқан күйшілер тартатын бір сәулетті күй, сыбызғыдан тартатын ескі күйдің бірі «Серпер» де қуанышқа арналған. Оны бергі кезде жеткізгендер – Тәттімбет, Дайрабай, Құрманғазы, Мұхит. Ең ғажайып аңыз «Қапыда өткен қарбалас» атты ескі күй, жазып алған Шоқан Уәлиханов. Ту баста бұл «Ақсақ Құлан Жошы хан» аңызының бір түрі, кейін оған «Еңлік-Кебек» тағдыры келіп қосылып, Арқаның күйшілері оны бір ұлы бейнеге айналдырады. Бір айтатын ой, сал мен сері бір типті емес, екеуі екі алуан, өзгеше нәрсе. Олардың бірінен – бірінің өзгешелігі – олардың тұрмыс көрінісінде, типінде. Ең алдымен сал, сері деген сөздер қалай туған, осыдан бастайық. «Сал» Еуропа тілімен айтқанда эксцентрик, болмаса өз бағытымен жүретін бір аяулы адам. Оның бір арманы сылқымдық, кербездік, киімді әдемі киіну, өзімен қатар жүрген адамның бәрінен де қияпатымен де, киімімен де артық болу, асып түсу. Ер-тоқымның өзі де басқанікіндей болмайды, алтынмен, күміспен өрнектеген, ерекше салтанатпен жасатады. «Сал» сөзі киімді салпаңдатып кең тігуден шыққан, сал, салпаң. Әрбір салдың шалбарының балағы сондай кең, оған бір кісі толығымен сиып кетеді.

Акселеудің «сал» сөзі «Сал ауруынан алынды» деуі келіңкіремейді. Халықтың әдеті бойынша, өнер иесіне ондай ат қоймайды. Қайта сол «салдық аурудың өзі осы «сал» сөзінен шыққан болуы керек «Атым сал бөксе болып жүр» десе, салды басқан кең киім сияқты атты да ауырлатып жүр, дегенді білдіреді. Демек бұл сөздің өзі салдың киімінен шыққан. Құлағы үлкен кісімен құлағы үлкен малды да «салпаң құлақ» дейді, ол да үлкендікті, кеңдікті көрсетеді. Ілгеріде мысалмен келтірілмек, «серілік», «салдықтан» бүтіндей басқа, екеуінің қосылатын жері, екеуі де ақын, күйші, әнші, екеуіне де ортақ болатын музыка аспаптарын бірдей қолданатыны. «Сері» сөзі серпілдеуден шыққан, бой жазу, серпер осы сөзбен бірдей, шалқыту, асқақтау. Сері көбінесе оқымысты кісілер арасында көп болған. Жақсы көрген қызға салдар сияқты іздеп бармайды хат пен жұмбақ жазысады. Ерте кезде жасаған серілер көбінесе хан ордасында болып ойын-сауықтар құратын.

Біз оны Жошы ханның қазақ хандарының серілік құрған тұрмысын айтқан түрде көрсеттік. А.В. Затаевич жазған: «Сери были детьми белой кости, богатыми, но их эксцентризизм не принимал крайних форм». Серілер біріншіден, атақты мерген, екіншіден саятшы, сұңқармен, лашынмен, тұйғынмен қызық көруші, тұлпар аттың ең жүйрігін қадірлеп баптаушы. Онымен қабат халықтың рухани тіршілігінде, ойын-сауығына да ерекше қуат беріп, оны биікке көтеруші.

Ақын болып әдебиетке үлкен үлес қосуы, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Алпамыс, Қыз Жібек, Мұңлық – Зарлық сияқты ескі жырларды бірден бірге айтып жеткізіп отырды. Бір ғажайып жері, серілердің көпшілігі Орта Азияның, шығыс елінің әдебиетінен де үлкен хабары болған (Нияз, Сегіз сері, Ақан сері, Мұхит, Сейтек, тағы басқалар). Олар қазақ халқының алдына «мың бір түннің», «Мәлике кітабының», «Тотынаменің», «Зейне зайыптың» нұсқауларын әдемі жазып отырған. Нияз серінің үлкен ұлы Қыруар-атақты серінің бірі. Ол парсы тілінен «Тотынамені» қазақ тіліне аударып, ғашықтық жырын күшейте түседі. Сол «Тотының» бір тарауы «Мәлике» жырын ХІХ ғасырдың бірінші жартысында жазып, ол бүгінде Қазан университетінің кітапханасында сақтаулы тұр. Серілердің кейбірі қазақтың ерлік жырына да сондай төніп, оны асқақтатып, сондай сәулетті етіп шығарып отырған. Сондай серінің бірі Қарауылдан шыққан Сал тіпті өзгеше орында болған. Ол халықтың театры сияқты рөл ойнап, өзінің жарқын әнімен, сыртқы қияпатымен халыққа үлгі беріп жүрген. Салдар әр уақыт жарқын жүзді, майталман, әзілдік пен қулықты қатар ұстап, бір жағына сынағыш, сын көзімен қарайтын, отырған маубас басшыларды сықақ пен өлтіріп, игі адамдарға мөлдіреп жарқын пейіл білдірген.

Сал махаббаттың кезгіш елесі ойын-сауықтың, думанның жан күйі, қызықты аңыздардың әдемі тақырыбы. Осыған орай халық сал туралы неше алуан қызықты әңгімелер туғызып, әр бір салдың өмірін бүкіл сахараға таратады.

Салдық ерте кезде халықтың дағдыланған бір дәстүрлі ісі болған. Ең соңғы салдың бейнесін Біржан мен Мұхит салдан көруге болады. Олардың соңы ала шыққан Жаяу Мұса мен Үкілі Ыбырай салдықтан көрі әншілікке жақынырақ. Салдықты еске түсіретін Жаяудың өзгеше киінуі (ылғи қызыл киініп жүреді), Ыбырайдың басына үкі тағып жүруі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақын болып әдебиетке үлкен үлес қосуы, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Алпамыс, Қыз Жібек, Мұңлық – Зарлық сияқты ескі жырларды бірден бірге айтып жеткізіп отырды. Бір ғажайып жері, серілердің көпшілігі Орта Азияның, шығыс елінің әдебиетінен де үлкен хабары болған (Нияз, Сегіз сері, Ақан сері, Мұхит,

Сейтек, тағы басқалар). Олар қазақ халқының алдына «мың бір түннің», «Мәлике кітабының», «Тотынаменің», «Зейне зайыптың» нұсқауларын әдемі жазып отырған. Нияз серінің үлкен ұлы Қыруар-атақты серінің бірі. Ол парсы тілінен «Тоты намені» қазақ тіліне аударып, ғашықтық жырын күшейте түседі. Сол «Тотының» бір тарауы «Мәлике» жырын ХІХ ғасырдың бірінші жартысында жазып, ол бүгінде Қазан университетінің кітапханасында сақтаулы тұр. Серілердің кейбірі қазақтың ерлік жырына да сондай төніп, оны асқақтатып, сондай сәулетті етіп шығарып отырған. Сондай серінің бірі Қарауылдан шыққан Сал тіпті өзгеше орында болған. Ол халықтың театры сияқты рөл ойнап, өзінің жарқын әнімен, сыртқы қияпатымен халыққа үлгі беріп жүрген. Салдар әр уақыт жарқын жүзді, майталман, әзілдік пен қулықты қатар ұстап, бір жағына сынағыш, сын көзімен қарайтын, отырған маубас басшыларды сықақ пен өлтіріп, игі адамдарға мөлдіреп жарқын пейіл білдірген.

Сал махаббаттың кезгіш елесі ойын-сауықтың, думанның жан күйі, қызықты аңыздардың әдемі тақырыбы. Осыған орай халық сал туралы неше алуан қызықты әңгімелер туғызып, әр бір салдың өмірін бүкіл сахараға таратады.

Салдық ерте кезде халықтың дағдыланған бір дәстүрлі ісі болған. Ең соңғы салдың бейнесін Біржан мен Мұхит салдан көруге болады. Олардың соңы ала шыққан Жаяу Мұса мен Үкілі Ыбырай салдыктан көрі әншілікке жақынырақ. Салдықты еске түсіретін Жаяудың өзгеше киінуі (ылғи қызыл киініп жүреді), Ыбырайдың басына үкі тағып жүруі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қамбаров Ж. Қобыз сазы: (О. Сейітқазин туралы) // Семей таңы. – 1978. – 6 декабрь. – 14 б.

2 Байжігітов Б. Көркем өнер терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2000. – 78 б.

3 Балтабаев М. Әсем саз: бастауыш сыныптарға арналған музыка әліппесі. – Алматы: Атамекен, 2002. – 104 б.

4 <http://collegu.ucoz.ru/publ/24-1-0-9094>

5 <https://www.referat911.ru/Inostrannye-yazyki/aza-muzyka-ner/184004-2300154-placel.html>

6 <http://stom.tilimen.org/azastan-respublikasini.html?page=5>

7 kazak-teatr-eneri-kazak-teatr-enerini-damuy/

Т. Азамат¹, Б.М. Жылқыбай¹

Развитие традиционного казахского музыкального искусства

¹ Высшая школа искусства и спорта,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан.

T. Azamat¹, B.M. Zhylykybay¹

Development of traditional Kazakh music art

¹ Graduate School of Art and Sports,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В статье Автор сформулировал жанровые особенности развития традиционного казахского музыкального искусства, художественные склонности, сложность, влияние на исторические пути становления, общественно-социальную значимость. в частности, он отметил, что развитие традиционного музыкального искусства в Казахстане является одним из важных направлений развития, непосредственно связанных с духовным процессом, а также способствует развитию художественно-поэтического мышления, эстетического вкуса и воспитания народа.

Ключевые слова: развитие традиционного музыкального искусства у казахов, духовный процесс, оригинальное свойство, художественная поэтика, эстетический вкус, мыслительность, социальное бытие, пример, вариант.

Summary

In article the Author formulated genre features of development of the traditional Kazakh musical art, art inclinations, complexity, influence on historical ways of formation, social and social importance. in particular, he noted that the development of traditional music in Kazakhstan is one of the important areas of development directly related to the spiritual process, as well as contributes to the development of artistic and poetic thinking, aesthetic taste and education of the people.

Key words: the article discusses the origin of the Kazakh clans of Senior Zhuz: suryoyo, Dulat, Alban, Suan, ysty, Shaprashty, Oshakty, Sergeli from the point of view of population genetics and data Shezhire.

Научные статьи, представляемые в редакцию журнала «ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ВЕСТНИК КАЗАХСТАНА», должны быть оформлены согласно базовым издательским стандартам по оформлению статей в соответствии с ГОСТ 7.5–98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», пристатейных библиографических списков в соответствии с ГОСТ 7.1–2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». Настоящие правила для авторов составлены с учетом опыта ведущих журналов из списка ККСОН (Вестник КазНПУ им. Абая, Вестник ПГУ им. С. Торайгырова и других).

Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии
со следующими правилами:

– Тематическая направленность журнала «ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ВЕСТНИК КАЗАХСТАНА»: педагогические, гуманитарные, социальные науки, образование. Периодичность: 4 номера в год. Язык публикуемых статей: казахский, русский, английский языки.

– В журнал «ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ВЕСТНИК КАЗАХСТАНА» принимаются статьи в одном экземпляре, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с полями 30 мм со всех сторон листа, электронный носитель со всеми материалами в текстовом редакторе «Microsoft Office Word (97, 2000, 2007, 2010) для WINDOWS».

– Общий объем статьи, включая аннотации, литературу, таблицы, рисунки и математические формулы, не должен превышать 13 страниц печатного текста. Текст статьи: кегль – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русского, английского языков), KZ Times New Roman (для казахского языка). Минимальный объем рукописи должен составлять 6 стр.

Статья должна содержать:

1 **МРНТИ** (Межгосударственный рубрикатор научной технической информации);

2 **Инициалы и фамилия(-и)** автора(-ов) – на казахском, русском и английском языках (прописными буквами, жирным шрифтом, абзац 1 см по левому краю, см. образец);

3 **Ученую степень, ученое звание;**

4 **Аффилиацию** (факультет или иное структурное подразделение, организация (место работы (учебы)), город, область, страна, почтовый индекс) – на казахском, русском и английском языках;

5 **E-mail;**

6 **Название статьи** должно отражать содержание статьи, тематику и результаты проведенного научного исследования. В название статьи необходимо вложить информативность, привлекательность и уникальность (не более 12 слов, заглавными прописными буквами, жирным шрифтом, абзац 1 см по левому краю, на трех языках: русский, казахский, английский, см. образец);

7 **Аннотация** – краткая характеристика назначения, содержания, вида, формы и других особенностей статьи. Должна отражать основные и ценные, по мнению автора, этапы, объекты, их признаки и выводы проведенного исследования. Дается на казахском, русском и английском языках (рекомендуемый объем аннотации – не менее 100 слов, прописными буквами, нежирным шрифтом 12 кегль, абзацный отступ слева и справа 1 см, см. образец);

8 **Ключевые слова** – набор слов, отражающих содержание текста в терминах объекта, научной отрасли и методов исследования (оформляются на казахском, русском и английском языках: кегль – 12 пунктов, курсив, отступ слева-справа – 3 см). Рекомендуемое количество ключевых слов – 5–8, количество слов внутри ключевой фразы – не более 3. Задаются в порядке их значимости, т. е. самое важное ключевое слово статьи должно быть первым в списке (см. образец);

9 Основной текст статьи излагается в определенной последовательности его частей, включает в себя:

– слово **ВВЕДЕНИЕ / КІРІСПЕ / INTRODUCTION** (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре см. образец). Необходимо отразить результаты предшествующих работ ученых, что им удалось, что требует дальнейшего изучения, какие есть альтернативы (если нет предшествующих работ – указать приоритеты или смежные исследования). Освещение библиографии позволит отгородиться от признаков заимствования и присвоения чужих трудов. Любое научное изыскание опирается на предыдущие (смежные) открытия ученых, поэтому обязательно сослаться на источники, из которых берется информация. Также можно описать методы исследования, процедуры, оборудование, параметры измерения и т.д. (не более 1 страницы).

– слова **ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ / НЕГІЗГІ БӨЛІМ / MAIN PART** (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Это отражение процесса исследования или последовательность рассуждений, в результате которых получены теоретические выводы. В научно-практической статье описываются стадии и этапы экспериментов или опытов, промежуточные результаты и обоснование общего вывода в виде математического, физического или статистического объяснения. При необходимости можно изложить данные об опытах с отрицательным результатом. Затраченные усилия исключают проведение аналогичных испытаний в дальнейшем и сокращают путь для следующих ученых. Следует описать все виды и количество отрицательных результатов, условия их получения и методы его устранения при необходимости. Проводимые исследования предоставляются в наглядной форме, не только экспериментальные, но и теоретические. Это могут быть таблицы, схемы, графические модели, графики, диаграммы и т. п. Формулы, уравнения, рисунки, фотографии и таблицы должны иметь подписи или заголовки (не более 8 страниц).

– слово **ВЫВОДЫ / ҚОРЫТЫНДЫ / CONCLUSION** (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Собираются тезисы основных достижений проведенного исследования. Они могут быть представлены как в письменной форме, так и в виде таблиц, графиков, чисел и статистических показателей, характеризующих основные выявленные закономерности. Выводы должны быть представлены без интерпретации авторами, что дает другим ученым возможность оценить качество самих данных и позволит дать свою интерпретацию результатов (не более 1 страницы).

10 Список использованных источников включает в себя:

слово **СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ / ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ / REFERENCES** (Нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Очередность источников определяется следующим образом: сначала последовательные ссылки, т. е. источники, на которые вы ссылаетесь по очередности в самой статье. Затем дополнительные источники, на которых нет ссылок, т. е. источники, которые не имели место в статье, но рекомендованы вами для кругозора читателям, как смежные работы, проводимые параллельно. Рекомендуемый объем не менее, чем из 20 наименований (ссылки и примечания в статье обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Статья и список литературы должны быть оформлены в соответствии с ГОСТ 7.5–98; ГОСТ 7.1–2003 (см. образец).

11 Иллюстрации, перечень рисунков и подрисуночные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi. Математические формулы должны быть набраны в Microsoft Equation Editor (каждая формула – один объект).

На отдельной странице (после статьи)

В бумажном и электронном вариантах приводятся полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, e-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются).

Информация для авторов

Все статьи должны сопровождаться **двумя рецензиями** доктора или кандидата наук для всех авторов. **Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи.**

При необходимости статья возвращается автору на доработку.

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.

За содержание статьи и достоверность несет ответственность автор.

Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.

Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

Датой поступления статьи считается дата получения редакцией ее окончательного варианта.

Статьи публикуются по мере поступления.

Периодичность издания журналов – четыре раза в год (ежеквартально).

При использовании материалов журнала ссылка на «Педагогический вестник Казахстана» обязательна.

Статью (бумажная, электронная версии, оригиналы рецензий и квитанции об оплате) следует направлять по адресу:

140002, Казахстан, г. Павлодар, ул. Мира, 60,

Павлодарский государственный педагогический университет

Тел. 8 (7182) 32-48-04, 8-707-729-06-99

Факс: 8 (7182) 34-42-22.

E-mail: aigul_ahmuldinova@mail.ru

Ответственный секретарь журнала Айгуль Насыровна Ахмульдинова

Оплата за публикацию в научном журнале составляет **2000 (две тысячи) тенге.**

Наши реквизиты:

РГП на ПХВ «Павлодарский государственный педагогический университет» МОН РК

БИН 040340005741

РНН 451500220232

ИИК KZ109260501163654000

АО «Казкоммерцбанк»

БИК KZKOKZKX

ОКПО 40200973

КБЕ 16

КНП 861

РГП на ПХВ «Павлодарский государственный педагогический университет» МОН РК

БИН 040340005741

РНН 451500220232

ИИК KZ609650000061536309

АО «Forte Bank»

БИК IRTYKZKA

ОКПО 40200973

КБЕ 16

КНП 861

Образец к оформлению статей:

МРНТИ 14.35.07

Ж. Ж. Жылкыбаев¹

Факультет педагогики и спорта,

¹Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан, 140002

e-mail: Zhylkibayevn@mail.ru

МОДЕЛЬ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПО ФОРМИРОВАНИЮ КЛЮЧЕВЫХ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН

Аннотация

В статье разработана модель деятельности по формированию ключевых профессиональных компетенций студентов при изучении элективных дисциплин. Доказана эффективность модели деятельности по формированию ключевых профессиональных компетенций студентов при изучении элективных дисциплин. Раскрыто содержание и структура модели деятельности по формированию ключевых профессиональных компетенций студентов при изучении элективных дисциплин. В модели деятельности по формированию ключевых профессиональных компетенций студентов при изучении элективных дисциплин показаны структурные связи, основные модули и условия процесса по формированию ключевых профессиональных компетенций студентов при изучении элективных дисциплин. В модели деятельности по формированию ключевых профессиональных компетенций студентов при изучении элективных дисциплин заложены перспективы по формированию ключевых профессиональных компетенций студентов при изучении элективных дисциплин. Модель деятельности по формированию ключевых профессиональных компетенций студентов при изучении элективных дисциплин рекомендуется для университетов.

Ключевые слова: модель, деятельность, формирование, профессиональные компетенции, студент, элективный, дисциплина.

ВВЕДЕНИЕ

Широкий спектр ключевых профессиональных компетенций: информационной, деятельностной – позволяет формировать их...

Продолжение текста

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Профессиональная компетенция включает совокупность взаимосвязанных

качеств личности (знаний, умений, навыков, способов деятельности), задаваемых по отношению к...

Продолжение текста публикуемого материала

ВЫВОДЫ

В результате проведенного исследования нами обосновано...

Продолжение текста

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Day, Ch.** (1994). Personal development planning: a different kind of competency. *British journal of in-service education*, 20(3), pp. 287–302.

2 **Brown-Rice, K.A., Furr, S.** (2013). Preservice Counselors' Knowledge of Classmates' Problems of Professional Competency. *Journal of Counseling & Development*, 91(2), pp. 224-233.

3 **Omarov Y.B., Toktarbayev, D. G.-S., Rybin, I.V., Saliyeva, A.Zh., Zhumabekova, F.N., Hamzina, Sh., Baitlessova, N., Sakenov, J.** (2016). Methods of Forming Professional Competence of Students as Future Teachers. *International Journal of Environmental & Science Education*, 11(14), pp. 6651–6662.

4 **Rakhimbekova, G.O., Baigozhina, Z.M., Abdrakhmanova, A.Y., Samatanova, A.R., Orazakova, R.K., Nurtayeva, Z.Z., Sakenov, J.Z.** (2015). Development of professional competence in students of creative pedagogical specialties (professionally-oriented aspect). *Life Sci J*, 12(1s), pp. 24–28.

5 **Asenova, N.S., Zhumabaeva, Z.E., Kenenbaeva, M.A., Sakenov, D.Zh., Toktarbaev, D.G.** (2013). About preparation of students of higher education institution for professional activity in the course of studying of elective disciplines. *Life Sci J*, 10(10s), pp. 96–100.

6 **Makhashova, P., Meirmanov, A., Zhunusbekov, Zh., Makasheva, O., Mirzaliyeva, E., Ermuratova, A., Sakenov, J.** (2016). On the Development of Professional Competence in Students of Creative Pedagogical Specialties. *International Journal of Environmental & Science Education*, 11(11), pp. 4660–4668.

7 **Mirza N.V.** (2013). Creative component of professional competence of a teacher. *International Journal Of Applied And Fundamental Research*. 2 – URL: www.science-sd.com/455-24286.

Ж.Ж. Жылқыбаев¹

Элективті пәндерді оқып үйренуге студенттердің негізгі кәсіби құзыретін қалыптастыру бойынша іс-әрекет моделі

¹ Педагогика және спорт факультеті,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы.

J.Zh. Zhylykbaev¹

The model of the activity on forming the key professional competencies of students in the study of elective subjects

¹ Faculty of Pedagogy and Sports,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan.

Аңдатпа

Мақалада элективті пәндерді оқып үйренуге студенттердің негізгі кәсіби құзыретін қалыптастыру бойынша іс-әрекет үлгісі әзірленді. Элективті пәндерді оқып үйренуге студенттердің негізгі кәсіби құзыретін қалыптастыру бойынша іс-әрекет үлгісінің тиімділігі дәлелденген. Элективті пәндерді оқып-үйренуге студенттердің негізгі кәсіби құзыретін қалыптастыру бойынша іс-әрекет үлгісінің мазмұны мен құрылымы анықталды. Элективті пәндерді оқып-үйренуге студенттердің негізгі кәсіби құзыретін қалыптастыру бойынша іс-әрекет үлгісінде құрылымдық байланыстар, негізгі модульдер және Элективті пәндерді оқып-үйренуге студенттердің негізгі кәсіби құзыретін қалыптастыру үдерісінің шарттары көрсетіледі. Элективті пәндерді оқып-үйренуге студенттердің негізгі кәсіби құзыретін қалыптастыру бойынша іс-әрекет үлгісінде Элективті пәндерді оқып-үйренуге студенттердің негізгі кәсіби құзыретін қалыптастыру зор келешегі қаланды. Элективті пәндерді оқып үйренуге студенттердің негізгі кәсіби құзыретін қалыптастыру бойынша іс-әрекет үлгісі университеттер үшін ұсынылады.

Тірек сөздер: модель, белсенділік, білім, кәсіби құзыреттілік, студент, элективтік, пән.

Summary

In the article the Model of activity on formation of key professional competences of students in the study of elective subjects is developed. The effectiveness of the Model of activity on forming the key professional competencies of students in the study of elective subjects is proved. The content and structure of the Model of activity on forming the key professional competencies of students in the study of elective disciplines is disclosed. In the Model of activity on formation of key professional competencies of students in the study of elective disciplines, structural connections, main modules and process conditions for forming key professional competencies of students in the study of elective disciplines are shown. In the Model of activity on the formation of key professional competencies of students in the study of elective disciplines, the prospects for the formation of key professional competencies of students in the study of elective disciplines are laid. The model of activities for the formation of key professional competencies of students in the study of elective subjects is recommended for universities.

Keywords: model, activity, formation, professional competence, student, elective, discipline encies of students in the study of elective subjects is recommended for universities.

Компьютерде терген: С. Пилипенко
Корректорлар: С. Абдуалиева
Басуға 13.12.2019 ж. қол қойылды.
Форматы 70×100 1/16. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі 5,3 шартты б.т. Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 1258

Компьютерная верстка: С. Пилипенко
Корректоры: С. Абдуалиева
Подписано в печать 13.12.2019 г.
Формат 70×100 1/16. Бумага книжно-журнальная.
Объем 5,3 уч.-изд. л. Тираж 300 экз.
Цена договорная.
Заказ № 1258

Редакционно-издательский отдел
Павлодарского государственного педагогического университета
140002, г. Павлодар, ул. Мира, 60.
E-mail: aigul_ahmuldinova@mail.ru